



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№52 (589)  
26 желтоқсан,  
2024 жыл



## ЖЫЛАН ЖЫЛЫ: ТАРИХИ БЕЛЕСТЕР МЕН БОЛАШАҚ БОЛЖАМДАР

2025 жылы қазақша жыл санау бойынша «жылан жылы» кіреді. Жылан жылы елеулі оқиғалар мен маңызды өзгерістер алып келген кезең ретінде ел жадында сақталып қалған. Бұл жыл шығыс мәдениетінде жұмбақтық, даналық, сабырлықтың символы саналады. Жыланның бейнесі көптеген халық үшін қасиетті, тіпті киелі жануар ретінде қарастырылады.

Шығыс күнтізбесінде жылан алтыншы орынға жайғасқан. Бұл жылы орын алған оқиғалар мен дүниеге келген адамдар көбінесе терең ойларымен, сабырлы әрекеттерімен және жоспарлы қадамдарымен ерекшеленеді. Жыланның сипаты оның тыныш, бірақ қауіпті бола алатынын көрсетеді.

Жылан жылы жайлы ой саралап, өткен жылдарға назар салсақ нәубеті мол кезеңдерден көз сүрінеді. Мәселен, 1917 жылғы қазан революциясы, 1929 жылғы қазақ даласын жайлаған ашаршылық, 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысынан аттап өте алмаймыз.

5 - бетте

## 2025 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2 - бетте



● ШОЛУ

## ҰЛУ ЖЫЛЫ: ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Әні-міне дегенше ескі жылдың есігін жауып, жаңа жылға аяқ басқалы отырмыз. Өткеніңе көз тастап, өз-өзіңе есеп беру кез келген адам баласының ғана емес, мемлекеттің де маңызды міндеті. Ал ұлу жылына көз жүгіртсек, бұл жылдың еншісінде еліміздің тарихында мәңгі қалатын айтулы оқиғалар мен маңызды шаралар аз болмапты. Барлығын дерлік тізіп шығудың қажеті шамалы. Дей тұрғанмен ел есінде қалған жайттарды қағаз бетіне түсіргенді жөн санадық.

Ұлу жылы есік қағып кірген сәттен-ақ қазақ халқын біраз әбігерге салғаны бар. Еліміздің бірнеше облысын су басып, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, әбігерге түскен қалың қазақ мұны әлі күнге ұмыта қойған жоқ. Күнделікті күйбең тіршіліктен бас алмай жүрген жұртты елен еткізген су тасқыны 27 наурыз күні басталып, бір аптаға созылды.



2 - бетте

### ҮЗДІКТЕР

# САМҒАУ»

## ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ



Жыл бойғы жұмыс сараланатын желтоқсанда жас мамандар «Самғау» жастар сыйлығының лауреаты атанды. Мерейлі марапатты Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Пакуатдин Сражадинұлы дәстүрлі «QOSYL премия» қала жастарының қорытынды кешінде табыстады.

– Жастар – ұлт үмігін арқалаған ел ертені. Жастар – қай заманда, қай елде болмасын асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы. Уақытында Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» десе, Қасым Аманжолов «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ?!» деп тамсанды. Мен

сіздерді алты алаштың ардақтысы Мағжан, Қасым айтқан рухты жастар деп білемін. Расында, өзінің жеке мақсаттары мен мүдделерінің қоғамдық игіліктермен үндес екенін және өз елінің дамуына зор үлес қосатындығын шын жүректен сезінген адам нағыз бақыт табады. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы

өзінің Жолдауларында жастардың қуатты және дамыған мемлекет құрудағы маңызды ролін тілге тиек етіп, жастар әрдайым жаңа идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші екенін, сіздердің осы әлеуеттеріңізді дұрыс бағытта пайдалану қажеттігін жиі айтады.

8-бетте

## ЖАҢА ЖЫЛ ТОЙЛАУДЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?



Жаңа жылды кей адамдар тек уақыт пен күнтізбенің өзгеруі деп қабылдаса, ал біреулерге бұл арман-тілегі, үміті мен жоспарларының тоғысатын сәті. Бірақ осынау мерекелік көңіл күйдің артында үлкен шығындар жасырыннып жатқанын байқадыңыз ба? Әрине, байқап та, сол қаржыны есептеп те көрдіңіз. Себебі жарқыраған шамдар, шыршаның астындағы сыйлықтар, отшашулар мен салтанатты дастарханның бәрі қомақты қаражатты талап етеді. Ал сонда жаңа жылдық қуаныш қанша тұрады? Ендеше бұл сұрақтың жауабын бірге іздейік.

### МЕРЕКЕДЕ ҚОНАК КҮТЕМІН ДЕСЕҢІЗ...

Дәстүр бойынша, әрине, дос-жаран мен туыстар бір дастарханның басында бас қосады. Қарапайым күнде де мейманды Құдайындай күтетін қазақ мереке қарсаңында алуан түрлі тағам мен тәтті әзірлейді. 2021 жылы Ұлттық банк сарапшылары жаңа жылдық дастархан мәзірін әзірлеуге қазақстандықтар орташа есеппен 21108 теңге жұмсайтынын мәлімдеді. Одан кейінгі жылы «Caravan.kz» медиа-порталы 4 адамдық отбасыға кететін қаражатты 49 377 теңге деп есептеді. Сол жылғы бағаға үнісек. Дастарханның басты тағамы – бешбармақ.

Ал бұл тағамның негізгі құрамын қазы десек, оның бағасы 5000 теңгеден басталды. Ал жылқы етінің бір келісі 3900 теңге, сиыр еті 3500 теңгеге бағаланды. Мұның қасында картоп, пияз, сәбіз бар. Жаңа жылдық мерекенің сәнін келтіретін «оливье» салатына қажет маринадталған қияр 1099 теңге, майонез 700 теңге, консервіленген бұршақ 600 теңгеге жуық бағада сатылған. Бұл керек азық-түліктің бастапқы тізімі ғана. Тізбектеп жазып, санасақ жоғарыдағы 50 мың теңгеге шамалас болды. Бұл енді 2 жыл бұрынғы бағам. Қазіргі нарық мүлдем басқа.

3-бетте



# ҰЛУ ЖЫЛЫ: ел жадындағы естеліктер



долада рекорд орнатып, 2 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль иеленді. Осылайша төртжылдықты түйіндейтін бәсекеде еліміз 182 мемлекеттің арасында 39 орынға тұрақтады.

қолдауымен әрбір аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны күшейді. Бір ғана Сыр елінің өзінде жыл бойы халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту мақсатында әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Ал осы жылғы көрсеткіш бойынша облыс бюджеті 744 млрд теңгеден асқан болса, 1,4 трлн теңге инвестиция тартылған.

Биыл өңірде инвестор қаржысына салынған жаңа жылу электр орталығының өзі ауқымды жоба. ТМД елдерінде теңдесі жоқ заманауи жылу электр орталығы алғаш болып Сыр елінде бой көтеріп отыр. Құны 215 млрд теңгеден асатын нысан келер жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Облыстағы ел игілігіне берілген нысандардың қатары мұнымен тоқтап қалмайды. Көлік инфрақұрылымының өркендеп, тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасалуы да ауыз толтырып айтарлық іс. Соның ішінде Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы, жаңа автовокзал мен теміржол вокзалының қайта жаңғыруы Сыр еліне жаңа серпін сыйлағандай.

Халық денсаулығын маңызды міндет санайтын Қызылорда облысында 16 медициналық нысан ел игілігіне табысталған. Мұнан бөлек бала біліміне ден қойған өңірде алғашқы «Жайлы мектеп» ашылды. Сондай-ақ облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 92 пайыздан асып, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша биыл 575 жоба жүзеге асырылды.

Баспанамен қамтудың да оңтайлы шешімі табылған. Жуырда Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға жеті қабатты 84 пәтерлік 6 жаңа тұрғын үйдің кілтін табыстады. Мұнымен қоса алғаш рет мәдениет саласының қызметкерлеріне де 40 қызметтік жаңа баспананың бақытына кенелу бұйырды.

Қызылордалықтар өңірде кірпіш зауытының құрылыс басталғанын біле ме? Білмесеніз, айтайық. Жуырда ғана «Қызылорда Саз М» ЖШС заманауи кірпіш зауытының іргетасы қаланды.

Жобаға мемлекеттік қолдау көрсетіліп, зауытқа Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағынан 7 гектар жер телімі берілді. Құны 2,3 млрд теңге болатын зауытта жылына 90 млн дана кірпіш шығарылады деген жоспар бар. Іргетасы желтоқсан айында құйылып бітеді. Құрылыс алаңында 20 жұмысшы, 11 техника жұмыс жасауда. Зауытқа қажетті қондырғылар желтоқсан айында

жеткізіліп, алдағы жылдың ақпан айында монтаждалады. Бұл зауыттың басқалардан ерекшелігі – өндіріс толығымен автоматтандырылған.

Биыл Сыр елінде «Руханият жылы» өтуде. Соның аясында игі бастамалар қолға алынып, шешімін тапты. Мәселен, мәдениет саласында 1000 орындық көпфункционалды «Өнер орталығы», «Отбасы орталығы», «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдері көптен күткен игілік «Жыраулар үйі» жұмысын бастады.

Бұл аз десеңіз, сол жағалаудан құны 2,3 млрд теңге болатын облыстық тарихи-өлкетану музейі ғимаратын салу жұмыстары басталды. Соның 2 жылда симфония оркестрі, инклюзивті театр, жастар театры, «Анаға тағзым» орталығының, заманауи би және хор ұжымы жаңадан жасақталды. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан құны 11 млрд теңге болатын «Шығармашылық академиясы» салынууда. Мұнан бөлек, халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық «Орталық стадион» және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды.

Жуырда ғана сол жағалаудан «Үстел теннисі орталығы» ашылды. Жастар мен балаларды спорттық үйірмелермен қамтуға мүмкіндік беретін «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені салынады және тағы 10 кешенінің құрылысы басталды.

Айта кетейік, биыл 11,5 млрд теңге қаржы бөлініп, барлық ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі біріктірілген «Руханият» орталықтарының құрылысы басталды. Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүр насихатталады.

Биыл жүйелі жұмысымен нәтижесін берген республика көлеміндегі «Таза Қазақстан» акциясы болды. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жоба әр аймақта жалғасын тапты.

Қорыта айтсақ, ескі жылдағы жағымды жаңалықтар мен мазмұнды міндеттер көңіл қуантарлықтай. Ал көпшілік есік қағып тұрған жылдан жылы да бейбіт, ырысты, молшылыққа толы болады деп топшылайды. Лайым, солай болғай!

Албал ЖОЛТЕРЕК

Еріген қар суы мен бөгеттердің жарылуы себебінен Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс пен Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Ұлытау мен Шығыс Қазақстан облыстарында төтенше жағдай жарияланды. Соның 80 жылдағы ең ірі табиғи апаттың салдарынан елді мекендердегі тұрғындардың шаңырағын су басып, баспанасыз талай адам далада қалды. Қазаққа «Ел басына күн туса ер етікпен су кешер» деген сөз бар. Осы бір мақал дәл осындай елді алаңдатқан шақта айтылса керек. Салмағы ауыр сөз. Дей тұрғанмен жұртшылық қиын-қыстау шаққа тап келсе, шығатын амал тауып, елдің бірлігін сақтап, қорғап қалуың жолында ерлер жүгірмегенде қайтпек?.. Жан-жақтан қолына күрек ұстаған азаматтар топ-топ болып, суды бөгеуге оқиғаның басына аттанды. Күндіз күлмеді, түнде кірпік қақпады. Одан қала берді азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз еткен де өзіміздің ағайын. Оның ішінде құтқарушылар, тәртіп сақшылары мен еріктілердің жасаған жұмысы ұшан-теңіз.

Биылғы жылдың еншісіндегі айтулы оқиғалардың бірі – Париждегі XXXIII Жазғы Олимпиада ойындары. 32 спорт түрінен 329 медаль сарапқа салынған Франция еліндегі дүбірлі доданы Қазақстан құрамасы 7 медальмен түйінделді.

80 спортшы аттанған байрақты бәсеке қызықты сәттерге тола болды. Жарыстың бірінші күні жағымды жаңалықпен басталып, пневматикалық мылтықпен нысана көздеуден сынға түскен Александр Ле мен Ислам Сәтбаев алғашқы қола жүлдені қоржынға салды. Бірнеше күннен соң дзюдошымыз Ғұсман Қырғызбаев кезекті қола медальді иеленіп, жанкүйерлердің ессесін тіктеп қойды. Алайда бокстан шаршы алаңға шыққан сегіз спортшымыз да сәтсіз өнер көрсетті. Тек ерлер арасынан 80 келіде күш сынасқан Нұрбек Оралбай мен әйелдер боксынан 50 келі салмақтағы Назым Қызыбай ғана ел қоржынына бір күміс пен бір қола медаль салды. Сондай-ақ, гимнастикадан Нариман Құрбанов пен грек-рим күресінен Демей Жадраев та күміс жүлдегер атанды.

Дүбірлі долада тұтас қазақ халқының жүгін көтерген дзюдошы Елдос Сметов болды. 60 келіде қарсылас шақ келтірмей алтын медаль иеленген ол Франция төрінде көк туымызды көкке көтеріп, әнұранымызды шырақтатты.

Мұнан соң пара спортшыларымыз Франция төрінде бас қосты. Ел намысын қорғаған Қазақстан ұлттық құрамасының ойыншылары дүбірлі

Алтыннан алқа тағынған Давид Дегтярев пен Ақмарал Науатбек туралы айта берсек тоқтау жоқ. Екеуі де төртжылдықты түйіндеген бәсекеде мықты екендерін дәлелдеді. Одан қалды нысана көздеуден Еркін Ғаббасов, 100 метрге брасс әдісімен жүзуден Нұрәулет Жұмағали және пара дзюдодан Ерғали Шәмейді күміс еншілеуі де ел мерейін үстем етті. Бұл қатарға қола медаль иеленген Жұрқамырза Шүкірбеков, Даяна Федосова, Зарина Раифоваларды қоса аламыз. Міне, Париж төріндегі XVII Жазғы Паралимпиада ойындарының нәтижесі осындай. Ерік-жігері, табандылығы, қайсарлығымен ел мерейін тасытқан спортшылар қандай құрметке болса да лайық.

2024 жылы елдегі маңызды шараның бірі – бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. Еліміздің астанасында ұйымдастырылған ұлттық спорт түрлерінен өткен сайысқа 89 мемлекеттен 2500-ге жуық спортшы қатысты. Көшпенділер ойындарында ұлттық және халықтық ойындардың 21 түрінен жарыс өтіп, 97 медаль сарапқа салынды. Нәтижесінде Қазақстан спортшылары 112 медальмен көш бастады. Оның 43-і алтын, 32-сі күміс және 37-сі қола жүлде.

Осы жылдың еншісінде қалған спорт саласындағы жетістіктері аз болмады. Кешегі бокстан жастар арасындағы Әлем чемпионаты, Азия біріншілігіндегі жетістіктердің өзі ұшан-теңіз. Бір ғана саламен шектеліп қалудан аулақпыз. Десек те біз айтып отырған жайттарға сіз бен біз бірге куә болып, назар аудартқаны рас.

2024 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Үкіметтің

көрсеткіш өсіп, 3 932 теңгені құрайды. Яғни АЕК-пен есептелетін кез келген төлем оның ішінде айыппұлдардың да көлемі артады.

Қоғамдық орында мәдениеттілік сақтап, өзгерге зиян тигізбей жүрумен қатар заң талаптарын да білген дұрыс.

Биыл 1 АЕК 3 692 теңгеге тең, ал 2025 жылдан бастап ол 240 теңгеге өспек. Бұл туралы ВАҚ.КЗ хабарлады.

Пәтерге кіреберістегі есігінің қасына қоқыс салынған дорбаны қалдырғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабына сәйкес «Абаттандыру қағидаларын бұзғаны» үшін 20 АЕК айыппұл салынады. Ал бұл әрекетті азамат бір жыл ішінде қайталап жасаса, онда 30 АЕК көлемінде айыппұл салынады. 20 АЕК 78 640 теңгеге тең болса, 30 АЕК 117 960 теңге.

Елімізде заң бойынша кешкі сағат

# 2025 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Әр жылдың өзіне сай ерекшелігі болатыны рас. Жаңа жылдан бастап көпшілік нені ескеруі керек, қоғамда қандай өзгерістер болмақ? Ақпарат көздеріне сүйенсек, елімізде зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері артады.

«Әкс-Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров 2025 жылдың басынан бастап балалы отбасыларға төленетін барлық жәрдемақы мөлшері 6,5%-ға индекстелетінін айтты» деп хабарлады Egemen.kz.

Атап айтқанда, биыл қаңтардан бастап барлық зейнетақы мен жәрдемақылар жыл сайын инфляция деңгейін ескере отырып индекстеліп жатыр. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, әлеуметтік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы 6,5%-ға индекстеледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша базалық зейнетақының мөлшерін кезек кезеңімен арттыру жалғасуда.

2025 жылға арналған республикалық бюджетте 42 түрлі әлеуметтік төлем бойынша 6 трлн теңгеден астам қаражат қарастырылған, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 12,5%-ға көп. Республикалық бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 2 млн-ға жуық отбасы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер алады.

Әрине, жәрдемақы мен зейнетақы көлемінің артуы көңіл қуантатыны рас. Сондай-ақ, ендігі жылдың 1 қаңтарынан бастап қоғамдық орындарда тәртіп бұзғаны үшін төмендегідей айыппұл түрлерінің күшіне енетіні ел назарын аударды.

Жаңа жылдан бастап айлық есептік



22.00-ден 9.00-ге дейін тыныштықты бұзуға болмайды. Тұрғын үй ғимараттары мен тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарына жұмыс күндері сағат 22.00-ден таңғы 9.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23.00-ден таңғы 10.00-ге дейін шулауға тыйым салынады. Тәртіп бұзған жеке тұлғаларға – 5 АЕК (19 660 теңге), бір жыл ішінде қайталанса 10 АЕК (39 320 теңге) айыппұл салынады. Сонымен қатар кәсіпкерлерге 20 АЕК-тен 150 АЕК-ке дейін (78 640 – 589 800 теңге) айыппұл қарастырылған.

Қоғамдық орында түкіргені үшін, сондай-ақ белгіленбеген жерлерде қоқыс тастағаны үшін құқық бұзған адамға бірінші рет 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл салынады. Ал азамат

осы әрекетін қайталаса, онда 10 АЕК, яғни 39 320 теңге көлемінде айыппұл төлейді.

Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзғаны, қауіпсіздік белбеуін тақпаны және көлік жүргізіп бара жатқанда телефон пайдаланғаны үшін жүргізушілерге 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұл – 2025 жылы 19 660 теңге.

Қала және қала маңындағы қоғамдық көлікте жолақыны төлмегендерге 2 АЕК, яғни 7 864 теңге айыппұл салынады. Ал жолаушыларды билетсіз алып жүргені үшін 5 АЕК (19 660 теңге) айыппұл салу қарастырылған.

Ақпарат көздерінен әзірлеген: А.НҰРТАЙҚЫЗЫ



Басы 1-бетте

# ЖАҢА ЖЫЛ ТӨЙЛАУДЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Быттыр тілек айту үшін стақанға құйылатын сусындардың бір литрі 350 теңгеден басталған. Ашық дереккезге сүйенсек, өткен жылы Қазақстанның шығысында аманастың келісі 2520 теңге болған. Алматы базарында да былтыр мереке қарсаңында өнімдердің бағасы 1,5 пайызға артқан.

Дастарханға жұмсалатын шығынның 40 пайызын ет өнімдері құрайды. Тіпті ысталған шұжықты да түрлі тағамға қосамыз. Қарағандыда піскен еттен жасалған шұжық орташа есеппен 4500 теңге. Қызылорда, Жезқазған мен Семейде піскен еттен жасалған шұжықтың келісін шамамен 1200-1500 теңгеге сатып аласыз, Қостанайда ең арзан бағаға аласыз. Ондағы баға 935 теңгеден басталса, жартылай ысталған шұжық 3350-5400 теңге деп көрсетілген.

Шұжық секілді торт пен десерттер көлеміне қарай түрлі бағаланады. «Kazinfo» ақпараттық агенттігі Қазақстандағы тәттілердің бағасын салыстырды. Алматыдағы супермаркет сөресіндегі торттың келісі 6400 теңгеден басталса, 9900 теңгеден көп қаражатқа авторлық тәттіні тапсырысқа бере аласыз. Еліміз бойынша қарапайым бисквиттен жасалған тәттінің ең арзаны Астанада, орташа бағасы Семей мен Көкшетауда. Ондағы кондитерлік өнімнің құны 7000-нан басталады. Түркістан дүкендерінде «Сүтті торттың» келісі 5000 теңге тұрады. Ал кондитерлік дүкендерде кремді бар торттың келісі 6000 теңгеден басталады. Қызылордада дайын торттар 5000 теңгеге бағаланса, тапсырысқа пісірілетіндердің құны 7000 теңгеден басталады. Мереке қарсаңында бұл бағаның да өзгеруі заңдылық. Мысалы, ассорти тәттілер, десерттер 10 мың теңгеден басталады, ал 1250 граммдық торт мереке қарсаңында 12 мың теңгеден жоғары. Бүгіннің өзінде мерекелік торттарға арнайы тапсырыс беру қиын жұмыс. Себебі кез келген кондитерлік үй арнайы торттарға тапсырысты 1 ай бұрын қабылдайды.

Қызылордадағы бүгінгі ахуалға келсек, қарапайым дүкендерді барлап, бағаларын есептеп көрдік. Мәселен, орталықтағы дүкенде сәбіздің бір келісі – 250, картоп – 270, консервіленген бұршақ – 680, 10 дана жұмыртқа – 600, маринадталған қияр – 650, майонез 390 теңгені құрады. Бұл «оливье» салатына керек өнімдер. Ал 1 литр «CocaCola» мен «Махи чай» 500 теңге болса, шырын 650 теңгеден басталады.

Дүкеннің атауы мен өзінің аты-жөнін жасыруды сұраған кәсіпкер азық-түлік бағасының қымбаттауына байланысты шағымданушылардың жоқ екенін жеткізді. Оның айтуынша, мереке күндерінде де дүкенде баға бірқалыпты.

Ал көтерме сауда дүкенінің қызметкері мереке қарсаңында сатып алушылардың көбейетінін айтты. Иә, бұл айтпаса да көзге көрініп тұрған жағдай. Себебі әр адам осы кезеңді салтанатты түрде атап өтуді қалайды.

– Қызылордадағы баға өзге өңірлермен салыстырғанда тұрақты секілді. Мереке, жиын, маңызы бар күндерде азық-түліктің бағасы өседі. Дегенмен көп емес. Бірақ бағаны өзгертпеуге тырысқанымызбен, тауар өндірушілер бізге тағамдарды жоғары бағада әкеледі. Мәселен, тіл үйірет тәттілердің бағасы кем дегенде 700-1000 теңгеге артады. Себебі сұраныс бар жерде жоғары баға болады емес пе? – деді сатушы.

Дүкендерді аралау барысында қала тұрғыны Сәния Абайбековамен тілдестік. Ол жаңа жылдық дастарханға дайындалып жүргенін айтты.

– Қандай мереке болсын, әулеттің үлкендерін ақ дастарханмызға шақырамыз. Азық-түліктің бағасы жылда өзгереді. Көзге көрінбегенімен, ауқымды көлемде өнім сатып алғанда қомақты қаржы шығады.

Мысалы, кеше көтерме сауда үйіне барып, тамақ пен салатқа қажет азық-түліктерді алдық. Тізіміме жазғаның тек 60 пайызын сатып алғаның өзінде 50 мың теңгеден астам қаржы жұмсадым. Ал бүгін таңертеңгілік «Magnum»-ға келіп, тағы 43 мың теңгеге сауда жасадым. Сондағы алғаным тұрмыстық заттар. Яғни қарапайым ыдыс жууға арналған

құрал, дымқыл майлық, дастарханға қоятын безендірулер. Мұнан бөлек тізімде жазылған азық-түлік өте көп. Ал сыйлықтар бөлек тақырып. Сондықтан жұмсалатын қаржының да ауқымы кең, – деп күлімдеп жауап берді.

Ал жаңа жылдық қарайым күн ретінде есептейтін 65 жастағы Талғат атаның отбасы да бұл күнге арнайы дайындалмайды екен. Оның айтуынша, күнделікті тағамды әзірлеп, тек тілек айтады. «Барлық қаржыны немерелеріме сыйлық алуға жұмсаймын» деді ол.

Апта басында қала әкімінің орынбасары Пақатдин Шамұратов жауапты сала өкілдерімен қаладағы сауда нысандарын аралады. Жұмыс барысында шаһардағы сауда үйлері, базарлардағы санитарлық талаптардың сақталуы мен өрт қауіпсіздігі тексеріліп, баға тұрақтылығына байланысты түсіндірме жүргізілді. Қала әкімінің орынбасары мереке қарсаңында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын негізсіз өсірмеу, бейберекет саудаға жол бермеу шаралары бойынша ереже талаптарын сақтамаған азаматтарға тиісті заң талаптарына сәйкес әкімшілік шара қолданылатыны жөнінде түсіндірді.

## АНИМАТОРЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қазір кез келген мерекенің басты сәні – кәсіби аниматорлар. Олар балалардың да, ересектердің де көңілін көтеретін шоу бағдарламаларымен ерекшеленеді. Әсіресе жаңа жыл қарсаңында оларға сұраныс күрт артады.

Аниматор қызметінің құны әртүрлі факторларға байланысты өзгереді. Мәселен, мереке уақытында яғни жаңа жыл қарсаңында баға орташа деңгейден 10-20%-ға жоғарылауы ықтимал. Бағдарламаның мазмұны мен жұмыстың ұзақтығы да әсер етеді. Ашық дереккөздерде балаларға арналған шоуудың 1 сағаты 15 000 – 30 000 теңге, ересектерге арналған кештер үшін 50 000 теңгеден 150 000 теңгенің арасы, ал арнайы эффектілерге қосымша ақша төленеді делінген.

Қаладағы аниматорлармен байланысып, қызылордалық нарықтағы бағаман таныстық. Әуелде балалар әлеміне өткен жылы аяқ басқан студияның менеджерімен тілдестік. Біздегі сұраныс 9 жасар қыз баланың туған күні болды. Егер балаңыздың туған күнін үйде тойлап, көңілдерін көтеруді қаласаңыз жарты сағатқа жиырма мың теңге төлейсіз.

Егер дәл осылай тек жаңа жылдық кешке шақырсаңыз мұның үстіне қосымша 10 мың теңге бересіз. Ал

таяғын сүйреп келген Аяз атаның сөмкесінен сыйлық шығарғыңыз келсе, оны бөлек өзіңіз дайындайсыз. Келесі байланысқан аниматорлардың да бағасы осымен шамалас болды. Туған күнге 15 мың, ал жаңа жылға екі есе ақы сұрады. 40 минуттың ішінде балалармен 4 ойын ойнап, билейді екен. Отбасылық мейрамханалардағы аниматорлар сіз ас ішіп болғанша балаңызға қарап береді. Тек 5 мың теңгеніңізді төлесеніз болғаны.

Салыстырмалы түрде өзге өңірді де көру мақсатында астаналық аниматорлардың студиясына хабарластық. Бірінші әсеріміз «өкінішке қарай» болды. Біздің қазақша айтылған сауалымызға жауап беруге де тырысып бақпай, тұтқаны «лақтырды». Келесі студияның бос күні жоқ. Кешкілік 2 сағаттық ойын 60 мың теңге, 90 мың теңге,

120 мың теңге, ал түнгі 22.00-ден кейінгі жұмыстарының құны 150 мың теңге екен. Сұраныс барда, тұтынушыны айналдырып алып қалу үшін де түрлі айла қарастырылған. Жеңілдіктер көздің жауын алады. Мәселен, «Ұсыныс пакетінің» бағасын 33 мың мен 48 500 теңге аралығында белгілеген. Ал егер ішіндегі құрылымын жеке-жеке есептегенде бұл пакеттің бағасынан әлдеқайда арзан баға шығады.

Иә, аниматорлар – мерекенің сәні. Бастысы мерекелік қаражатыңызға мұқият болыңыз.

## КОРПОРАТИВТІК КЕШТЕРДІҢ БАҒАСЫ

Ұжыммен бас қосып, жылды қорытындылау үшін корпоративтік кеш таптырмас тәсіл. Тек біреуге оңтайлы, біреуге ауыр. Себебі мейрамханадағы мерекелік бағалар шарықтап кетеді.

Облыстар бойынша салыстырсақ, Алматыдағы мейрамханада бір адамға 25-35 мың теңге алса, Астанадағы баға да осымен шамалас. Көкшетаулық кәсіпкерлер корпоративтік кеш үшін адам басына 10 мың теңге сұрайды. Бұл бағаға ыстық тамақ, салаттар мен шай кіреді. Ал сусындарды сырттан өзіңізбен әкелуге рұқсат. Орал мен Семейде 25 мыңға дейін, ал Түркістанда 15-30 мың теңге сұрайды.

Қызылордаға ойыссақ. Біздегі баға 15-25 мың теңге аралығын сақтап тұр. Жаңа жылдық кешті мейрамханада өткізуді қаласаңыз, әмияныңызда кем дегенде 30 мың теңге болуы шарт. Себебі депозит, жеке бөлмеде отыру, қызмет көрсетудің бағасы айтарлықтай жоғарылаған екен. Мұны менеджерлермен сөйлесу барысында анық байқадық. Мәселен, жай күндері бір адамға депозиті 5 мың теңгелік кафе, мерекелік номері болмаса да жаңа жылда бағасын 20 мың теңгеге өсірді. Ал жүргізуші жалдап, нағыз корпоративтік кеш ұйымдастырған мейрамханалардағы ең төменгі баға 12 мың теңге. Бұл аудандардағы бір кештің құны. Ал қалада 15 мың теңгеге шегеленген. Бұл бағаға сусындар кірмейді.

## «ҚҰПИЯ САНТА» ОЙНАЙСЫЗ БА?

Хош. Қонақ бөлменің төріне ақ дастарханды ғана жайып, мейман күте алмайсыз. Себебі қазақы қанға әбден сіңген «Қуыс үйден құр шықпа» мен «Бастысы көңіл» деген бар. Айлығыңыздың соңы болса да, үйге келген қонақты қуантқыңыз келеді. Мәселен, қыз-келіншектерге арналған қолжетімді жиынтықтардың бағасы шаһардағы дүкендерде 2 600 теңгеден басталады. Оның ішінде крем мен маска болады. Бұдан да жақсысын аламын десеңіз 5 5 0 0,

8 3 0 0 теңге секілді бағасы жоғарылай береді.

Ал қазір сыйлық беру әдебі трендпен алмасып, «Құпия Санта» секілді ойынға ұласты. Расында бұл қызық ойын. Жеребе тәсілі арқылы сыйлық беретін адамыңызға тосын сый әзірлейсіз. Бұл да шығынның көбеюіне үлес қосады дегенімізбен, осындай танымал дәстүр арқылы адамдар арасындағы сыйластық пен қуаныш сезімі артады. Ендеше шығындарды шамалап есептесек.

Әуелде мектеп оқушыларымен тілдестік. 10-сынып оқушысы Омар Текебай жаңа жылда, наурыз мерекесінде сыйлық сыйлауды дәстүрге айналдырғанын айтты. Сыныптастарымен бірге уақыт өткізіп, тосын сый жасайды екен.

– Биыл да бұл дәстүрді жалғастыраудамыз. 12 адам жиналып «Құпия Санта» ойнадық. Ең

бастысы барлығымызға қолжетімді ортақ бағаны есептейміз. Осы жолы 4 500 теңгеге келісіп, бір бірімізге сыйлық сыйладық. Біз үшін бұл артық шығын емес, керісінше эмоция сыйлайды, – деді ол.

Студенттер арасында бұл баға екі-үш есе көп. Мәселен 20 жастағы Үміт Байтасова құрбыларымен жаңа жылдық мерекеле берілетін сыйлықтың құнын өткен жылы 18 мың теңгеге жоспарлағанын айтты.

Ұжымдық, отбасылық жиындарда сыйлық сыйлауға орташа есеппен 5 мың теңге жұмсалады десек, қосымша шығындар да бар. Кәдесыйлар шамамен 2000-5000, тәттілер, шоколадтар жинағы 3000-7000, кітаптар 2500 теңге мен 7000 теңге тұрады. Ал қосымша шығынға сыйлықты безендіруге қажет лента, қаптамалар жасады. Олардың да бағасы 500-1000 теңгенің аралығында.

Дегенмен сыйлықтың құны емес, оның жақсы ниетпен, ықыласпен берілетіні маңызды екенін ұмытпаңыз.

## МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ

Газетіміздің №51 санында пиротехника жайлы жазып, ойланбай ойнағанның қалай оңбайтынына мысал келтірдік. Дегенмен «жаңа жылдық мерекенің сәні осы отпашу ғой» дейтіндер азаймақ емес. Бастысы қауіпсіздік шараларын сақтаса дейміз.

Пиротехниканың бағасы өткен аптамен салыстырғанда қаншалықты өсті? Қайтадан онлайн саудагерге айналсақ.

«OLX»-тегі баға өзгеріссіз, тек жаңадан жарнама қосылған. Ал «Almatysalut»-ке жандан тауарлар келген тәрізді. «Аватар 2» сол күйінше 15 мың теңгеден тапжылмаған, орнына «Ночной город» атты отпашу қосылған. Бұдан бөлек те түрі өте көп. 140 000 теңгеге бағаланған «Бәйтерек» те бар екен.

Аспандағы шашу рәсімімен әдемі көрініп, эмоция сыйлады. Бұл туралы қала тұрғыны, студент Ермек Байжанов та айтады.

– Иә, отпашуға дайындалған сәт мен үшін ерекше. Жаңа жылдық атмосфера жақындағанда менің жұмысым бірінші отпашу сатып алу. Мұның да бағасы жылдан жылға қымбат. Базардағы қарапайым дүкендерден аламыз. Інілеріме де қызық. Сол үшін жылда сатып аламын. Өткен жылы 32 мың теңгеге алсам, биыл 28 мың теңге ақшамды отпашуға арнадым, – деді ол.



Отпашудан бөлек, безендіру де бар. Әр облысқа миллиондаған қомақты қаржы бөлінеді, көшелер безендіріледі, жаңа жылдық көңіл-күй қалыптасады. Сонымен қатар әр отбасы өз үйін сәндідейді. Желтоқсанның екінші аптасынан бастап дүкен сөрелері мен базарда жаңа жылдық ойыншықтар қаз қатар тізіліп тұрады.

Жаңа жылдың символы – шырша. Бағасы ұзындығына қарай өзгереді. Онлайн дүкендерде қолданылған 1,8 метрлік жасанды шыршаға 8800 теңге сұрап тұр. Ал су жаңа 150 сантиметрлігі үшін 28 890 теңге бекітілген. Ұзындығы 210 сантиметрді құрайтын «Женева» шыршасы 47 мың теңге, ал «Поляк» шыршасы 54 мың теңгеден бастап 163 мыңға дейін жоғарылайды екен. Шаһардағы базарда шыршаның бағасы 5 мың теңгеден басталады.

Құр шыршаны сатып алып, төрден орын бермейтініңіз анық. Мерекелік көңіл күй сыйлайтын ойыншықтар көмекке келеді, әсте онсыз болмайды. Жарық шамдар 3 мың теңгеден, гирляндар түрі мен сапасына қарай 2 мың теңгеден, терезеге жабыстыратын түрлі суреттер 500 теңгеден, декорациялар 1000 теңгеден басталады.

Қорытындылай келе, кез келген мерекені тойлаудың шығындары әр адам мен отбасының қаржылық жағдайына, қалауы мен дәстүрлеріне байланысты болады. Дегенмен мерекенің мәні ақшада емес, жақындарымызбен жақсы уақыт өткізу екенін естен шығармаңыз!

Әлия ТӘЖІБАЙ







## Жас зерттеушінің жобасы үздік атанды

Ғылым саласында тың идеялармен ерекшеленіп жүрген жастардың бірі – Сәкен Абызбай. Ізденімпаз әрі ғылымға құштар студент биыл нәтижелі зерттеу жұмыстарымен ерекшеленіп, байқауларда топ жарды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Агрономия» мамандығының 2-курс студенті Сәкен Саматұлы калифорниялық шылаушылар мен органикалық қалдықтардан тыңайтқыш дайындау жұмыстарына атсалысты. Бүгінде ғылыми жетекшісі, университеттегі «аграрлық технологиялар» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры Раушан Нұрқымова және өзге де білім алушылармен бірлесіп тыңайтқышты егін шаруашылығына пайдалану жұмысын жүргізіп, ғылыми зерттеулермен айналысуда.

– Қоршаған орта, табиғатты таңуға деген қызығушылығым осы мамандықты таңдауыма себеп болды. Университетке оқуға қабылданған соң зерттеу жұмыстарына қатыса бастадым. Осы салаға одан әрі қызығуыма ғылыми жетекшім үлкен ықпал етті. Бүгінде биогумус атты ауыл шаруашылығында маңызды зор тыңайтқыш дайындаумен айналысудамыз. Органикалық тыңайтқыш дайындау үшін төрт түлік малдың кызы және калифорниялық шылаушыны қажет. Көңге шылаушыны орналастырғаннан кейін тыңайтқыш 8-9 айда дайын болады. Органикалық тыңайтқыштың әсерінен экологиялық таза өнім аламыз.

Биогумус – қазіргі уақытта ең жоғарғы сападағы тыңайтқыш, сондықтан

Жыл сайын әр сала бойынша ерекше қабілет, дарынымен үздік жастар ерекшеленіп, ел дамуына өзіндік үлес қосатыны белгілі.

2024 жылы да білімді жастар ауқымды жетістіктерге қол жеткізді. Сондықтан басылуының бүгінгі санында ғылым, денсаулық, мәдениет, спорт және IT салалары бойынша елеулі еңбек етіп, үздік болған жас мамандар туралы кеңінен таныстыруды жөн көрдік.

оған көршілес елдерден де сұраныс бар. Бұл өнім топырақтың құнарлы болуына әсер етеді. Соның нәтижесінде өсімдік өз уақытынан 20 күндей ерте піседі. Басқа тыңайтқыштармен салыстырғанда мұның құрамында кальций, фосфор, азот секілді минералды тыңайтқыштар көбірек, – деді Сәкен Абызбай.

Айта кету керек, 2020 жылы университет аумағындағы «Ботаникалық баққа» егілген алма ағаштары 4 жылдан кейін ғана жеміс берді. Себебі биылдан бастап ағаштардың топырағына биогумус қосылған. Жас ғалым тыңайтқыштың оң әсерін дәлелдеу үшін ботаникалық бақтағы жеміс, алма және туя ағаштарына қолданып, тәжірибе жүргізген.

Ғылыми жетекшінің қолдауымен ол студент Бақдаулет Сайфуллаев, Б.Момынбаев атындағы №278 IT мектеп-лицейінің оқушысы Жаңабекқызы Ұлжанмен бірге «Жас аграрлар» үйірмесінің де дамуына үлес қосып келеді.

Агрономия саласында еңбек етуді бала кезден армандаған Сәкен Абызбай – Шиели ауданының тумасы. Ізденімпаз студент үшін биылғы жыл өте табысты болды.

Халықаралық ғылыми-зерттеу байқауында «Ауылшаруашылығы ғылымдары» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом иеленіп, зерттеу жұмысы «Үздік студенттік жоба – 2024» атанды. Ал ҚР ЖОО студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының университетілік I кезеңінде жас зерттеуші I дәрежелі дипломмен марапатталды. Сондай-ақ, «Ustaz tilegi» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында авторлық материалдары жарық көрді. Белсенді жас университеттегі кәсіби бағдар беру жұмыстарына да атсалысып, нәтижелі еңбек етті.

Білімді әрі еңбексүйгіш жас ғалымның алдағы уақытта да биіктерді бағындыратынына сенімдіміз.

## 5 млн 400 мың және 5 ЖОО гранты

Кейінгі жылдары ақпараттық технологиялар саласы әлемдік экономиканың басты қозғаушы күштерінің бірі ретінде танылып келеді. Бұл салада өз қабілетімен, жаңашыл көзқарасымен және тынымсыз еңбегімен ерекшеленген тұлғалар жиі назарға иіледі. Солардың бірі – бірнеше жобаның авторы, NURIS QuickStart түлегі, «I1 lab Nazarbayev University» team leader, «Epnactus AITU» капитаны, Astana IT Business Coworking-тің платинум резиденті 17 жастағы қызылордалық Асылжан Абдуллаев.

Бұған дейін де жас технократпен сұхбат ұйымдастырып, жиі байланыста болдық. Дегенмен ол оқушы шағын аяқтап, Астанаға оқуға түссе де жаңа бастамаларымен қуанып келеді.

Асылжан – Сырдария ауданының тумасы. Бала кезінен осы салаға қызығушылығы артып, ақпараттық технологияларды тұтынушы емес, жасаушы ретінде бағын сынаған. Оның айтуынша, жас өнертапқыш ретіндегі жолын «Epnactus Korkyt Ata» ұйымының бизнес-бенефициары және Кузулорда Hub өңірлік технопаркінің резиденті болудан бастаған.

Биыл отандық БАҚ-та «Жасанды интеллектті қазақша сөйлетті» деген тақырыппен Асылжанның «Qazaq GPT» жобасы елге танылды. Мұнан бөлек 150 000 жазылушысы бар, тарихты қысқа әрі оңай түрде жеткізуге арналған «Тарихнама», шетелдік фильмдерді қазақ тіліне аудару бойынша жұмыс істейтін «Орда Студио», компьютерлік көру бағдарламасымен мал шаруашылығына бағытталған «Q-AGRO», «YOLO», МСБ саласындағы «Geek ERP» жобасымен айналысуда.

Жұмыс істеу бір бөлек, нәтижеге қол жеткізу қажырлы еңбекті талап етеді. Кейіпкеріміздің жетістіктеріне тоқталсақ, «Recordare Hackathon» байқауында 1-орын иеленіп, Үндістандағы компанияның бірінде тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алды. Халықаралық дәрежедегі «Harvard Crimson Project Competition» сайысының финалисі, «Zhong-guacuo World Competition» 2-орын, республикалық IV «NextGenLeaders» байқауында 2-орын, сондай-ақ «The best innovative project» номинациясы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқу грантын жеңді. «Jas Fund Battle»-да 1-орын, 600 000 теңге, «Startup District» байқауында қаржылай 1 000 000 теңге, Тәуелсіздік ұрпақтарына қатысып 3 000 000 теңге, Samsung GenAI хакатонынан қаржылай 300 000 теңге, Sustex Hackathon-да 200 000 теңге, облыстық «Idea Battle 2024» идеялар конкурсында бақ сынап 250 000 теңге, «InnoFest» инновациялық жобалар фестивалінің алғашқы жылы 300 000 теңге иеленсе, келесі жылы Астанадағы Astana IT University-дің грантын жеңіп алды. Мұнан бөлек «TeachersLab Battle»-да қанжығасына 1 орынды байлап, 300 000 теңге көлемінде қаржы ұтты. Биыл қарашада «CancerZero» жобасы үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрінің алғыс хатын алған. Кейінгі бір жерлер жылда қатысқан байқаулардан қоржынына 5 миллион 400 мың теңге жинаса, 5 ЖОО-дан білім грантын жеңген.

«Талапты бала талпынған құстай» демекші, биыл Асылжан Astana IT-де I-курс оқиды. Еліміздегі беделді оқу орындарынан түрлі білім грантын жеңгенімен, мемлекеттік грант иегері атанды. Өзі тәжірибе жинаған алаңды да

ұмытпай университетінде алған рет «Epnactus» ұйымын құрып, университет басшылығынан 3 500 000 теңге қолдау иеленген. Қазір білім ордасының базасында «Jas-Com», «CancerZero» секілді MedTech жобаларымен айналысуда.

Командасында түрлі мамандықта оқитын 30 студент бар. Сондай-ақ Назарбаев университеті және Тұңғыш Президент қоры университеттер лигасымен ресми серіктестік орнатқан.

Қолға алға соңғы жолбасы – «Canvisio». Ол – PACS жүйесі мен ERM технологиясын қолдана отырып, катерлі ісікті ерте кезеңде анықтауға арналған жасанды интеллекттің шешімін әзірлейтін стартап. Жобада ең алдымен ерте диагностика, яғни PACS жүйесі арқылы медициналық суреттерді талдау, катерлі ісіктің алғашқы белгілерін дәл анықтау қарастырылған. Медициналық жазбаларды басқару жүйесімен біріктіріп, науқастардың деректерін тиімді сақтап, талдауға мүмкіндік бар. Мұнан бөлек талдаудың дәлдігін арттырып, дәрігерлік қателіктерді азайту үшін терең оқыту модельдері қолданылады.

– Біздің мақсатымыз – онкологиялық аурулардың өлім көрсеткішін азайту үшін қолжетімді әрі дәл медициналық құрал жасау, – дейді Асылжан Абдуллаев.

Өзі жас болса да, бас болып жүрген стартапер бүгінде С.Шауқаманов атындағы ұл балаларға арналған лицей оқушылары Альян Серікбек, Омар Байзақпен жұмыс істеуде.

– Оларды YOLO Computer Vision-ге үйретіп жатырмын. Бүгін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мадиевпен кездесті. Біз үшін бұл кездесу өте маңызды, – деді ол.

Жаңашылдыққа бет бұрған жастар барда еліміздің болашағы жарқын, келешекке басар қадамы нық болмақ.



## Сценарий жазудың шебері – Ұлықбек

Мәдениет саласы – қоғамның рухани дамуының негізі. Қызығы мен қиындығы мол саланың ауыр жүгін арқалап, ең үлкен еңбекті атқарып жүргендер әсте елнен бермейді. Солардың бірі – сценаристер.

Іс-шара немесе кеш сценарийін жазу – шығармашылық һәм ұйымдастырушылық қабілетті талап ететін күрделі процесс. «Мінсіз дүние жасау үшін ең әуелі үш нәрсе қажет – сценарий, сценарий және сценарий» дейді британдық кинорежиссер Альфред Хичкок.

Осы орайда мәдениет саласында маңдай терін төгіп, өлшеусіз үлесін қосып жүрген жастардың бірі де бірегейі, ақын Ұлықбек Бекұзақұлы жайлы айтқымыз келеді. Шығармашылық шабыт пен ізденіс үстінде жүретін ол жұырда гана Сәбира Майқанованың 110 жылдығына арналған «Сахна саңлағы – Сәбира» атты облыстық жабық сценарийлер байқауында жүзден жүйрік атанып, 1-орынды иемденген болатын.

Бүгінде облыс орталығында түрлі мәдени және салтанатты іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып жүргені көңіл қуантады. Осынау іс-

шаралардың барлығы дерлік Ұлықбек Бекұзақұлының идеясынан туындап, қолымен жазылатынын бірі білсе, бірі білмейтін анық. Сценаристің басты міндеті – сол идеяны жанды, әсерлі және есте қаларлықтай етіп халыққа ұсыну. Қатысушылар мен көрермендердің назарын ұстап, іс-шараның негізгі мақсатын ашу да Ұлықбек Тәңірбергеновтың жауапкершілігіне кіреді.

Ұлықбек Бекұзақұлы 2022 жылы «Қызылорда қаласының үздік мәдениет қызметкері» марапатына лайық деп танылды. Одан бөлек поэзияны жанна серік еткен ақын республикалық мұшайраларда топ жарып, жеңімпаз атанып жүр.

Ол шығармашылық ойлау арқылы тың идеялар ұсынып, процеске қатысушы құрамның толықтай үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету жолында ешқашан аянып қалған емес. Сондай-ақ, командамен тығыз қарым-қатынас орнатып, қолайсыз жағдайларда жылдам шешім табуға бейімделген өз ісінің білікті маманы.

Мұндай сала өкілдерінің еңбегі көрермендерге қуаныш сыйлап, кез келген іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне кепілдік береді.



## Мыңдаған сәбидің кіндігін кескен...

Үміт пен сенім арқалаған дәрігерлер қашанда халықтың қалаулысы. Медицина саласы кез келген мемлекеттің кергесін берік етуге үлкен рөл атқаратын маңызды құрылымдардың бірі. Осындай ауыр міндет жүктелген медицина салаларының қатарында акушерия да бар. Ана мен баланың амандығына арқау болып, акушерияның қыр-сырын меңгергендер аз емес. Арасында облыстық перинаталдық орталығында перзентхана блогының бірінші санақты акушері Әйгерім Есенбаева білікті жас мамандар қатарында көш бастап тұр.

Акушерлік кызмет – ана мен сәбидің, яғни екі бірдей жауапкершілігін арқалайды. Осы бір қиын саланың ауыртыпшылығын арқалаған Әйгерім Қуантқанқызы бұл салада жұмыс істеудің өзі оңайға соқпағанын айтады.

– Кез келген адамның мамандық таңдауына бір себеп болады. Мектеп қабырғасында жүрген кезде денсаулығым жиі сыр беретін. Жаныма араша іздендіктен бе, осы салаға бүйрегім бұрып тұрды.

2007 жылы мектепті бітіріп, Қызылорда медициналық жоғары колледжіне «Жалпы тәжірибелі акушер» мамандығын меңгеруді ұйғардым. Мамандыққа деген ыстық ықыласым болар, 2010 жылы үздік дипломым аяқтап, сол жылы Қызылордадағы қалалық перзентханаға жұмысқа тұрдым.

Әрине, теория бөлек, ал практика тіптен басқаша. Жұмыстың қиындығын көріп, бір апта «жұмыс істегім келмейді» деп те жылаған кездерім болды. Осы сәтте бас мейіргер Құралай Жалелқызы мен сол кездегі босану бөлімінің аға акушері Аюжарқын Қожағұлқызы бар билгендерімен бөлісті. Ұстазым Алуаш Қожантайқыны да қолдауы мықты болып, менің саланы тез меңгеруді, білікті маман болуыма үлкен үлес қосты. Болашақ үздік атанарымды сол кезде кім білсін, – дейді Әйгерім өткеніне көз тастап.

Иә, кез келген саланың қызығы мен шыңығы қатар жүреді. Медицинада қателікке жол жоқ. Бұл жерде бір адамның жаны үшін ғана емес, екі адамның өміріне араша түсетін акушердің арқалайтын жүгі ауыр. Бүгінде кейіпкеріміздің етті қолдары мен 15 жылдық тәжірибесінің арқасында мыңдаған қызылордалық сәби дүниесі есігін ашты.

– Толғақ пен босану процесі физикалық та, моральді тұрғыда да өте ауыр. Акушердің жұмысы бала дүниеге келгеннен кейін де жалғасады. Ананың босану процесі аяқталысымен, оның жағдайы бақылауда болады. Күтпеген түрлі оқиға орын

алуы мүмкін. Асқын, қан кету және тағы да басқа. Осындай сәтте шапшаң ойлап, ана мен баланың денсаулығын қадағалауда ұстаймыз, – деді әңгіме барысында.

Әйгерім Есенбаева «Ана болу қауіпсіздігі», «Тімді перинаталдық технологиялар» және «Омырау сүтімен қоректендіру практикасын қорғау, қолдау және көтермелеу» бағдарламаларын жүзеге асыруға үлкен үлес қосқан. Кейіпкеріміз Денсаулық сақтау министрлігінің ұйымдастыруымен медицина және фармацевтика қызметкерлерінің арасында өткен «Кәсібінің үздігі» республикалық конкурсына қатысып, «Үздік акушер» номинациясын бойынша жеңімпаз атанған. Байқауда қанжығасы майланған Әйгерім қолдау бұлдырған әріптестерінің сенімін ақтағанына қуанышты.

Міне, жас та болса Әйгерім Есенбаева дәрігер ретінде өз борышын асқан жауапкершілікпен орындап, талай ананың алғысын арқалап, ел сенімін ақтап келеді. Оның әр анаға көрсеткен қамқорлығы – адамгершілік пен кәсіби шеберліктің үлгісі. Еліміздің әрбір азаматы, әсіресе жас буын, осындай жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басып, туған елінің үмітін ақтаса екен дейміз.



## ЖАМБЫ АТУДАН ЖЫЛ ҮЗДІГІ

Жыл аяғы таып келеді. Осы жыл ішінде қазақ елінің спорттағы жетістігіне көз жүгіртсек, жеңісті күндер аз болмапты. Кешегі Францияның Париж төрінде туын көтерген XXXIII жазғы Олимпиада мен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы ел спортшыларының деңгейі соның дәлелі. Одан қала берді Әлем, Азия біріншіліктеріндегі жетістіктер бір төбе. Соның ішінде Сыр спортындағы жағымды жаңалықтар кешегі күнге дейін аймақ абыройын асқартқаны рас. Жылдан жылғына аяқ басар тұста аймақтың үздік жас спортшысын анықтап, басылым бетінде бейнеленді құп көрдік.

Біз сөз еткілі отырған спортшы – жамбы атудан ҚР Ұлттық құраманың мүшесі Ақәділ Пернебай. Ол 2005 жылы қазан айында Жаңақорған ауданы, Өбдіғалпар ауылында дүниеге келген. 10 жасынан №7 Жаңақорған ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жамбы ату бөліміне қабылданды. Бала Ақәділ үздіксіз жаттығудың нәтижесінде алғаш рет ел біріншілігінің жеңімпазы атанып, спорттағы алғашқы жүлдесін иемденген. Ол кезде спортшының жасы небәрі 15-те.

Ұлттық спортқа деген қызығушылығын байқап, әрі қарай жетелеген жаттықтырушысы Ғалымжан Өміртай үнемі жанынан табылып, қиын сәттерге баулыған. Соның жемісі болса керек, қазір Ақәділ ұлттық құрамадағы маңдайлауы спортшы. Оның үстіне ҚР спорт шеберлігіне үміткерлігі тағы бар.

Өңір мақтанышы 2022 жылы жасөспірімдер арасындағы ел біріншілігінде жеңімпаз атанды. Одан соң бұлттар жастар арасында бақ сынап, қола және күміс жүлдеге қол жеткізді. Мақсатынан айналмаған қайсар жігіт әуелі жастардың көшбасшысы болуды көздеп, биыл қайта күш сынасып, қарсыластарын шан қаптырды.

Жуырда Астана қаласында ұлттық спорт қауымдастығының ұйымдастыруымен үздік спортшылар анықталатын «Алтын тұғыр – 2024» мерекелік іс-шарасы өтті.

Кіл сен тұр, мен атайын мықтылар төбе көрсеткен іс-шараға ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов арнайы қатысып, спортшыларды марапаттады. Сол тұста Ақәділ Пернебай да үздік атанып, «Алтын тұғыр» сыйлығына ие болды. Ол бұл сыйлықты иеленген Сыр өңіріндегі алғашқы жас спортшы. Болашағынан үлкен үміт күттіретін жерлесіміз «Мен шығатын шың әлі алда» дейді.

– Кез келген адам баласы бір дүниеге қызығушылық танытып, соның жолында бар күш-жігерін сарп ететін болса, жетістікке жетпей қоймайды. Сол секілді мен де жаным қалаған спорт түріне бет бұрдым. Қазақстанның чемпионы болу өз алдына, 2024 жылдың үздігі болу мен үшін зор мәртебе. Мұнымен тоқтап қалуға болмайтынын жақсы білемін. Сәтін салса бағындырар белес әлі алда. Бастысы, қажырлы еңбек ету қажет, – деді ол.

Ұлттық спортқа ден қойған спортшымыз ұлт мақтанышына айналсын деген ниетпен алдағы бәсекелерде қоржыны бес қайтауын тілейміз.







# ЖЫЛАН ЖЫЛЫ: ТАРИХИ БЕЛЕСТЕР МЕН МЕН БОЛАШАҚ БОЛЖАМДАР

## 1917 ЖЫЛ: РЕВОЛЮЦИЯЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР ДӘУІРІ

1917 жылы Жылан жылы тарихта терең із қалдырды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы, Ресейдегі Ақпан мен Қазан революциясы секілді оқиғалар сол кездегі әлемдік тәртіпті түбегейлі өзгертті. Адамзаттың жаңа болашаққа ұмтылысы мен өзгерістерге дайын болуы Жыланның символикасымен тығыз байланысқан. Дәл осы тұста, яки 1917 жылы 9 наурызда «Семей облыстық атқару комитетінің» уездік атқару комитеттері Зайсанда, Көкпектіде уақытша үкіметтің ұйымдастырылғаны туралы хабарланып, басқа қалаларда, оның ішінде Орал, Верный, Ақмола, Семей, Әулиеатада алғашқы қырғыз-қазақ және мұсылман комитеттері құрыла бастады. Бұл бастаманың ұйымдастырушысы Ә.Бөкейханов бастаған қазақ интеллигенциясының бір топ өкілі болатын. Алаш Орда – Алаш автономиясының үкіметі 1917 жылы желтоқсан айының 5-13 күндері Орынборда өткен ІІ жалпықазақ съезінде сайланды.

Сондай-ақ аталған жылы Қазақстанның барлық өңірінде жалпы халық саны мен қазақтар саны жеке-жеке берілген. Сонымен қатар қай облыста неше пайыз қазақ бар екені де жазылған.

Тізімде көрсетілгендей, Ақмолада 36,6% қазақ болса, Бөкейде 100% қазақ деп көрсетілген.

Семей - 845 756 / 73%,  
Ақмола - 582 306 / 36.6%,  
Торғай - 573 655 / 58.7%,  
Орал, Маңғшлақ - 656 579 / 56.9%,  
Жетісу - 857 982 / 65.6%,  
Сырдария - 1 272 290 / 62.3%,  
Әмудария - 238 913,  
Ферғана - 418 328 / 19.1%,  
Самарқанд - 116 841 / 10.2%,  
Бөкей - 307 284 / 100%.  
Жалпы қазақ саны  
5 869 934-ті құраған.

## 1929 ЖЫЛ: ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ

Экономикалық тұрғыдан ауыр кезең болған 1929 жыл дүниежүзілік Ұлы депрессияның басталуымен есте қалды. Экономикалық тұрақсыздық пен жұмыссыздықтың артуы бірнеше елдің саясаты мен экономикасына соққы болып тиді.

Қазақстандағы өкімет орындарының «жаппай отырықшыландыру» саясатына деген наразылық 1929 жылғы шаруалар көтерілісінде көрініс тапты. Жаппай бой көрсету тұрғындардың ұжымдастыру саясатына қарсы жауабы болатын. Көтерілісшілер Кеңес және партия мекемелерін талқандап, құжаттарды өртеді. Алайда көтерілісшілердің нашар қарулануы мен олардың ұйымдаспағаны 1931 жылы көтерілістің толықтай жеңіліске ұшырауына әкеліп соқты. Осы 1929-1931 жылдар аралығындағы небәрі үш жыл ішінде Қазақстан өңірлерінде 372 көтеріліс өткен деген деректер бар.

Сонымен қатар 1929 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес комитеті IV сессиясының қаулысы бойынша қазақ жазуы латын графикасына көшірілді.

## 1941 ЖЫЛ: СОҒЫСТЫҢ ӨРШҮІ

1941 жылдың 22 маусымы – ел жадында Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен сақталып қалды. Жыланның терең ойлы, аналитикалық табиғатын суреттегендей, бұл жыл соғыстың зардабы мен стратегиялық шешімдерге толы болды. Себебі фашистік Германия өзара шабуыл жасасау жөніндегі Кеңес – Герман шартын бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса көктеп кірді.

1941 жылдың шілде айында бірінші болып 316-шы атқыштар дивизиясы ұйымдастырылды. Сонымен қатар Қазақстанда автоматшы, пулеметші, мерген, граната лақтырушы, байланысшы, радиошы, телефонист және басқа да әскери мамандықтар бойынша 134 083 адам даярланды.

Соғыстың алғашқы жылдары Қазақстанға батыс аудандардан эвакуацияланған 532,2 мың адам баспана мен жұмыс тапты, сонымен бірге 50 мың маманданған жұмысшы, инженер-техник қызметкер және 970 мыңдай күштеп көшірілген поляк пен немістер ауылдар мен селоларға орналастырылды. Тамыз айында 316-атқыштар дивизиясы майданға аттанды.

17 қарашада Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысы бойынша 316-атқыштар дивизиясы жаппай ерлік көрсеткені үшін 8-гвардиялық дивизиясы деп аталды. Дивизия «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Ауыр соғыста генерал И.В.Панфилов қаза тауып, дивизияшылар «Панфиловшылар» деп

аталып кетті. Ал 6 желтоқсанда Алматы аэроклубынан 662 авиациялық полк майданға аттанды.

## 1953 ЖЫЛ: ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛУ КЕЗЕҢІ

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі 1953 жыл әлемдегі қайта құрылымдар мен экономикалық жаңғыру кезеңі ретінде маңызды болды. Жылан жылы ғылым мен өнеркәсіптің қарқынды дамуына жол ашты.

1953 жылы 5 наурызда Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Иосиф Виссарионович дүние салды. 6 наурызда КПСС орталық комитеті мен СССР министрлер кабинеті Сталиннің қайтыс болуына орай бүкіл елде төрт күндік қаралы рәсім жариялады. Спектакль, кино, концерттер және өзге де ойын-сауық шаралары тоқтатылды. Медицина академиясының академигі Александр Мясников естеліктерінде «Радиоан



кабырғасының құлауы және Кеңес Одағының ыдырауы – осы Жылан жылының тарихи оқиғалары.

Оның қатарында Жаңаөзен оқиғасы да бар. Кикілжіңнің туындауына жергілікті аймақта жұмыс істеп жүрген өзге ұлт өкілдерінің қазақ дәстүрімен санаспауы һәм дөрекілік танытуы себеп болған. Кавказ ұлт өкілдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оларды қаладан эвакуациялап, комменданттық сағат енгізілді. Бұл уақытта Жаңаөзен оқиғасының жаңғырығы Құлсары, Шетпе, Жетібай, Маңғыстау, Ералы жұмысшы кенттері мен Ақтау қаласына да таралды.

Үкімет халықты сабырға шақыру мақсатында Алматыдан белгілі қаламгерлер мен ғалымдарды шақырды. Олар аймақтарды аралап, жағдайды тұрақтандыруға атсалысты. Нәтижесінде, елдің талабымен өзге ұлт өкілдері өз еліне

басшыларының алғашқы сайлауы өтті. Бұл сайлауға 7 мыңға жуық кандидат қатысып, 2 454 адам басшылыққа сайланды.

Жоғарыда аталған оқиғалардың барлығы да Қазақстанның тарихындағы маңызды сәттердің көрінісі және елдің даму жолындағы кешкен кәсіптері мен жетістіктерінің айқын дәлелі.

**Қорытынды.** 2025 жыл Жылан жылы адамзат үшін жаңа технологиялық мүмкіндіктер мен саяси реформалар кезеңі болуы ықтимал. Бұл жыл әлемдік және ұлттық деңгейдегі маңызды оқиғаларға толы болуы мүмкін. Нумерологтардың болжамдарына сүйенсек, Қазақстан мен дүниежүзі халқының ірі өзгерістер мен әлеуметтік дамуының жаңа кезеңі күтіп тұр. Бұл жыл адамзаттың жаңа белестерге

жетіп, өзінің рухани және материалдық мүмкіндіктерін ашатын кезең болмақ.

Жылан жылы туған адамдардың ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, психологтардың пайымынша жылан жылы туғандар терең ойлы, интуитивті, сабырлы әрі зерек болып келеді.

қайтарылып, халық тынышталып, жағдай реттеле бастады.

## 2001 ЖЫЛ: ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

11 қыркүйектегі АҚШ-тағы террорлық шабуылдар 2001 жылдың маңызды оқиғаларының бірі болды. Бұл жағдай халықаралық қауіпсіздік мәселелерін өзекті етіп, терроризмге қарсы күресті күшейтті, әрі бірнеше елдің саясатына сабақ боларлықтай жаңа кезең қалыптастырды.

Сондай-ақ, 6-7 қыркүйекте Ақтау қаласында Қазақстан жастарының конгресі өтті. Елде «Қазақстан жастары» бағдарламасы іске қосылып, аталған бастама жастардың қоғамдағы орнын нығайтуға бағытталды.

Осы жылы Жапония үкіметінің қолдауымен Ертіс өзеніне салынған аспалы көпірдің құрылысы аяқталды. Бұл жобаға 157 миллион доллар несие бөлінді. Салтанатты ашылу рәсімі 2000 жылы өтсе де, көпірдің толықтай пайдалануға берілуі 2001 жылы жүзеге асты.

2001 жылы Каспий құбыр консорциумының құбыры іске қосылып, мұнай тасымалдау жылына 28 миллион тоннаға жетті. Бұл Қазақстанның мұнай өнеркәсібі үшін үлкен серпіні болғаны анық.

## 2013 ЖЫЛ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН РЕФОРМАЛАР

2013 жыл Жылан жылында саяси және табиғи апаттармен есте қалды. Әлемдік оқиғалар тізбегіне назар аударсақ, бұл жылы Рим папасы Бенедикт XVI отставкаға кетіп, оның орнына Франциск сайланды. Сондай-ақ торнадо, цунами және жер сілкіністері әлемнің әр түкпірінде адамзатқа ауыртпалық әкелді. Ал Қазақстанда 2013 жылдың қаңтар айында SCAT әуе компаниясының ұшағы Алматы маңында апатқа ұшырап, 21 адамның өмірін қиған болатын. Орын алған оқиға елдің еңсесін түсіріп, есенгіретіп кетті.

2013 жылдың мамырында әйелдердің зейнет жасын біртіндеп арттыруды қарастыратын заң қабылданды. Сонымен қатар бірінші жинақтаушы зейнетақы қоры құрылып, оның жұмысы 22 тамызда басталды.

Тамыз айында елде жергілікті билік органдары

Олар өз эмоцияларын жиі іште ұстайды және қиын шешімдер қабылдауға бейім. Өрқашан өз әрекеттерін жоспарлай отырып, ұзақ мерзімді мақсаттарға ұмтылады.

Қазақ халқында жылан жайлы көптеген аңыз бен мақал-мәтел бар. Жылан көбінесе пайымдылық пен өміршендікті бейнелейді. Алайда оны сақтықпен қабылдау керек деп санайды. Жылан жылы көбінесе адамдардың өздерін қайта бағалауға, сабыр сақтауға, жаңа мүмкіндіктерді байыппен пайдалануға шақырады. Бұл жылда тез шешім қабылдау емес, терең ойлану маңызды рөл атқарады.

Жылан жылы – даналық пен сабырдың жылы. Бұл жылда өз мақсаттарыңызға жету үшін жоспарлы түрде әрекет етіңіз, басқалармен өзара сыйластық сақтаныз және ішкі интуицияңызға сеніңіз. Бұл жыл сізге үлкен мүмкіндіктер мен терең түсініктер әкелуі мүмкін.

Қытай жылынамысында «отты жылан» немесе «су жылы» деген ұғым бар. Бірі азап пен ауыртпашылығы мол өзгерістер болса, енді бірі жылдың жайлылығы сенімінен туындаған. Қазақ халқы үйіне кірген жылан-ды басына ақ құйып шығаратынын ескере отырып, есіктен енгелі тұрған жаңа жылды да жақсылыққа жорығанымыз абзал!

## A.МАРАТҚЫЗЫ



# АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, ақын, ойшыл әрі ағартушы. Оның шығармашылығы қазақ қоғамының рухани-мәдени дамуына теңдессіз үлес қосып, ұлттың болашағына бағдар берді. Абайдың туындылары арқылы адамзаттың ортақ құндылықтарына негізделген жаңа әдебиет, жаңа ойлау жүйесі қалыптасты.

Абайдың шығармашылық мұрасы үш негізгі бағыттан тұрады: өлеңдері, аудармалары, қара сөздері. Ақынның өлеңдері көркемдік пен философиялық тереңдікті ұштастырып, адам мен қоғамның күрделі мәселелерін бейнелейді. Табиғат лирикаларында («Қыс», «Жазғытұры», «Күз») қазақ даласының сұлулығы ғана емес, тіршілік философиясы да айшықталған. Абай өлеңдерінде білім, еңбек, адамгершілік сынды тақырыптар ерекше орын алады. Оның «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба» деген өсиеті әрбір адамның өмірлік қағидатына айналуы тиіс.

Абайдың аудармалары да оның шығармашылығының бір қыры. Ол орыс



әдебиетінің жауһарлары – Пушкин, Лермонтов, Крылов туындыларын қазақ тіліне тәржімалап, ұлттық әдебиеттің көкжиегін кеңейтті. Аударма арқылы Абай қазақ халқына жаңа мәдени-рухани көзқарас ашты.

Қара сөздері – ақынның даналық ойларының жиынтығы. Абай 45 қара сөзінде адамдық пен адалдықты, еңбек пен ғылымды дәріптейді. Әрбір сөзінде терең философиялық ой мен өмірдің мағыналы қағидалары жатыр. Мәселен, отыз жетінші қара сөзінде ол «Кім өзіне махаббат қылса, ол адамға махаббат қылмақ борыш іс» деп, өзара сыйластық пен адамгершілік қағидаларын насихаттайды.

Абайдың шығармашылығындағы ең басты идея – ағартушылық. Ол білім алуды қоғам дамуының негізгі шарты деп есептеді. Ақын «Бірінді қазақ, бірінді дос, Көрмесен істің бәрі бос» деген өлең жолдары арқылы ұлт бірлігі мен адамгершілік қасиеттерді дәріптейді.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлының шығармалары қазақ халқының рухани қазынасы ғана емес, адамзатқа ортақ құндылықтардың үлгісі. Оның мұрасы ұрпақ санасын жаңғыртып, болашаққа жол сілтейтін мәңгілік мұра ретінде қала бермек.

**Гүлсезім БОЛАТҚЫЗЫ,**

Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, «Жас тілші» үйірмесінің оқушысы

Бүгінде ата-аналар «гипоксия» сөзін жиі естиді. Бұл әсіресе баланың дамуындағы бұзылулар аясында жиі кездеседі. Атап айтсақ, мотор, сөйлеу, психикалық дамудың кешігуі.

Гипоксия грек тілінде «оттегінің жетіспеушілігі» дегенді білдіреді. Бұл – қандай да бір себептермен организм мен тіңдер оттегінің қажетті мөлшерін алмаған кездегі жағдай. Гипоксия кез келген жаста болуы мүмкін.

## ЖАҢА ТУҒАН НӨРЕСТЕЛЕРДЕГІ ГИПОКСИЯ



Жаңа туылған нәрестенің гипоксиясы – бұл баланың миы оттегінің жеткіліксіз мөлшерін алатын жағдай. Гипоксияның себептері әртүрлі болуы мүмкін: босану жарاقاتы, жүктілік кезінде анада оттегінің жетіспеушілігі, мерзімінен бұрын босану.

Нәрестедегі ми гипоксиясы ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін, соның ішінде дамудың кешігуі, эпилепсия және көру қабілетінің бұзылуы. Гипоксияның дамуы дереу анықталып, емделуі керек, егер мүмкін болса, бала туылғанға дейін алдын-алу шараларын қабылдау керек.

Бала оттегіні алмаған кезде денеде әртүрлі биохимиялық реакциялар жүреді: қанның қышқылдығы (pH) және қан газдарының қатынасы өзгереді, нәтижесінде организмдегі қышқыл-негіз тепеңдігінің бұзылуы қаупі артады, ал ми оттегі ашығуына (церебральды гипоксия) ұшырайды.

Гипоксияның ауыр салдары болса да, жаңа туған нәрестелердің медицинасы мен компенсаторлық мүмкіндіктерінің жоғары деңгейі арқылы толық қалпына келуге болады. Жаңа туылған нәрестелердегі гипоксияның себептерінің тізімі өте кең болуы мүмкін, олардың арасында:

- Босану жарاقاتы;
- Жүктілік кезінде ұрыққа оттегінің жеткіліксіз жеткізілуі;
- Қант диабеті немесе жүрек пен өкпе проблемалары сияқты аяныш аурулары;
- Кесариялық бөлім; баланы итеру үшін босану кезінде қысықтарды, вакуумдық аппараттарды немесе басқа құралдарды қолдану;
- Туылғаннан кейін жаңа туған нәрестеде оттегінің жетіспеушілігі, мысалы, тыныс алудың қиындауы немесе өкпе проблемалары.

Осы себептердің барлығы жаңа туған нәрестенің гипоксия қаупін азайту үшін жүктілік пен босану кезінде жедел сақтық шараларын қажет етеді. Кейбір жағдайларда ананың дене қалпын өзгерту, оттегін тұтынуды арттыру немесе қан айналымын жақсартатын дәрілерді тағайындау сияқты қарапайым шаралар жеткілікті.

- Жаңа туылған нәрестелердегі ми гипоксиясының белгілері:
- Жалпы белсенділіктің болмауы; тыныс алу жеткіліксіз немесе тұрақты емес;
  - Терінің немесе еріннің көгеруі әлсіздік, босану немесе шаршау;
  - Төмен бұлшықет тонусы сананың жоғалуы;
  - Ас қорытудың бұзылуы немесе тамақтанудың қиындауы.
- Егер осы белгілердің кез келгені пайда болса, баланың денсаулығына ауыр зардаптарды болдырмау үшін дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

Нәрестенің гипоксиясы жаңа туған нәрестені тексергенде туылғаннан кейін бірден анықталуы мүмкін. Жаңа туылған нәрестелердегі гипоксияны емдеу жағдайдың дәрежесі мен себептеріне байланысты денедегі оттегі деңгейін жоғарылату үшін оттегі терапиясын қолдану, инфекциялар немесе пневмония сияқты гипоксияны тудыруы мүмкін патологияларды емдеу, өкпенің қан айналымын және мидың тамақтануын арттыруға арналған дәрілік терапия, баланың метаболизмін бәсеңдету және оның миын зақымданудан қорғау үшін гипотермияны қолдану қажет.

Жаңа туылған нәрестелердің гипоксиясы жағдайлары баланың денсаулығын сақтау үшін ауруханада медициналық бақылауды және емдеуді қажет етеді. Негүрлым ауыр жағдайларда қарқынды терапия қажет болуы мүмкін.

**Руслан НУРҒАЗЫҰЛЫ,**

балалар мен ересектер массажисі, Тасбөгет кенті

Биыл қаңтар айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 90 жыл толды. Осы уақыт аралығында білім ордасы халықаралық деңгейдегі бәсекелестікке қабілеттілігін паш ете білді. Осылайша, тарихи терең, шаңырағы биік, еліміздегі жетекші оқу ордасы даму жолында.

## ҚАЗҰУ – МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ



Университет тарихы еліміздің маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Яғни, бұл Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуындағы баспалдақтың алғашқы әрі негізгі сатыларының бірі екенін көрсетеді. ҚазҰУ – Халықаралық университеттер Ассоциациясына кірген еліміздегі алғашқы жоғарғы оқу орны. ҚазҰУ Түркия, Иран, Қытай, Оңтүстік Корея, Египет секілді білімі мен мәдениеті ұштасқан ірі университеттермен тікелей байланыс орнатқан.

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары баға алып, «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» жоғары марапатына ие болды. Айта кету керек, ҚазҰУ – «Бес жұлдыз» марапатына ие болған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз оқу орны. Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды. Сонымен қатар Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «AA+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктердің арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлемінде ең үздік университет ретінде танылды.

БҰҰ-ның «Академиялық әсер» бағдарламасының тұрақты дамуға арналған ғаламдық хабы ретінде ҚазҰУ Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» моделін жасап шығарып, оны енгізді.

Сонымен қатар ҚазҰУ «UI Green Metric Ranking of World Universities» әлемдегі ең экологиялық таза университеттердің жаһандық рейтингінің зерттеуіне сәйкес 78 елдің 700 университетінің арасында алғашқы 200 университет қатарына енді.

Айта берсең біздің университеттің ұлттық, әлемдік, халықаралық жетістіктері орасан зор. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда, сонымен бірге еліміздің ертеңгі тұлғаларына айналар жас ұрпақтың рухани болмысын қалыптастыруда білім ордасы үлкен іс-шараларды жасап келеді. Ендеше, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің білім алушылары мен түлектері үлкен белестерді бағындырудан талмай, қазақ елінің әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық дамуына орасан зор үлесін қоса отырып, қоғамымызды көштен қалдырмай өрге сүйреп, әлемнің көшбасшы 30 елінің қатарына қосады деп сенемін. Олай болса әрқайсысымыз ел маған не берді деп емес, елге мен не беремін деп еңбек етейік.

**Г. МҰХАМЕДИЕВА,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ, «Бизнес-технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы PhD, А. НҰРМАҒАМБЕТОВА, оқытушы

### ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Қармақшы-2» несие серіктестігі» ЖШС (БСН 151240023345) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы, С. Қонысов көшесі, 29 үй.

## Әлемді әлдилеген ана

Ана – өмірдің бастау бұлағы, адамзаттың ұлы қайнары. Әлемге жарық сыйлап, мейірім шашып тұрған ана жүрегі арқылы ғаламның тынысы тірі. Ол әрбір адам үшін ерекше тұлға, себебі ана мейірімі – ең кіршіксіз, таза, шынайы махаббаттың көрінісі.

Бұл ұғым терең әрі қасиетті. Ол жай ғана өмір сыйлаған тұлға емес, сүйіспеншілік, даналық пен шыдамдылықтың символы. Ана өзінің баласына мейіріммен қарағанда, дүние оның жылы алақанымен бірге бір сәтке тыныштық тапқандай болады. Әрбір ана өз баласын әлемнің бар сұрапылынан, қиындығынан қорғауға даяр тұрады.

Ана махаббаты – шексіз. Ол баласының әрбір қадамын, жетістігін қуана қабылдайды, әрбір сәтсіздігінде жаны ашиды, оның жан жарасын емдейді. Осы мейірім көңіл, кіршіксіз ниеттің арқасында балалар күш-жігер жинап, өмір жолында сеніммен алға жылжиды. Ана тәрбиесі – мәдениет пен ұлттық құндылықтың негізі.

Әрбір халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі ана арқылы беріліп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Қазақ халқы үшін ана – отбасының ұйытқысы, отағасы мен балаларының арқауы, үйдің берекесі. Ол қазақ қызына тән инабаттылық, қонақжайлық, сабырлық, алғыс айту және кешірімділік қасиеттерін бойына сіңіреді. Ана өз өнегесімен балаларын дұрыс жолға бағыттап, туған тілдің әуезділігін, дәстүр мен мәдениетті, ұлттық құндылықтарды бойларына дарытады.

Әлемдегі ең ауыр жұмыс – ана еңбегі дер едік. Өмірге сәби әкеліп, оның әрбір қадамын бақылап, қамқорлығын жасап, оның өмір сүруіне барлық жағдайды қамтамасыз етеді. Ана ұйқысыз түндерді өткереді, баласының жай-күйіне алаңдап, оның өмірдегі орын тапқанын армандайды. Еңбегі еленбесе де, бұл ана үшін басты мақсат емес, себебі ол өз баласының бақыты үшін өмір сүреді. Оның ешкімінен алғыс та, марапат та күтпейтін, тек өзінің отбасын бақытты етуі – ана еңбегінің ұлылығының бір белгісі.

Ананың сөзі – өмір сабағы. Оның кеңестері әрқашан ақылға қонымды, себебі ол өмір тәжірибесімен келген даналыққа негізделген. Ол балаға жай ғана кеңес бермейді, баланың өмір жолында қандай қателіктерден аулақ болу керек екенін алдын ала сезіп, бағыт көрсетеді. Әсіресе, қазақ отбасында ана тәрбиесі ерекше маңызды рөл атқарады. Ол қыз балаға болашақта үлгілі жар, қамқор ана, ибалы келін болуды, ал ұл балаға адал, еңбексүйгіш болуды үйретеді.

Әр адам анасының алдында мәңгі қарыздар. Ана мейірімі – шексіз мұхит тәрізді, ол адамға өмірбойы сүйіспеншілік пен жылылық сыйлайды. Сондықтан әрбір жан анаға құрмет көрсетіп, оның үмітін ақтап, мейіріміне лайықты болуға тырысуы керек. Өйткені, «Әлемді әлдилеген анажан» деп аталатын қасиетті ұғымның негізінде әр адамның жүрегінде мәңгілік орын алған махаббат жатыр.

**Нұрислам БАХТИЯР**

## КІТАП ОҚУ – ТРЕНД

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйыласақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» деген еді Ғабит Мүсірепов. **Кітап таңдап, талған оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.**


Өзім білім ордасында кітапханашы болған соң, білім алушылардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, жас-өспірімдерге кітап оқудың маңызын ұғындыру сынды жұмыстарды үздіксіз жүргізіп келемін. Мәселен, Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде білім алушылар арасында «Не? Қайда? Қашан?» тақырыбында әдеби ойын өтті. Сайыста қазақ әдебиеті, тарих, қазақ киносы сынды түрлі тақырыпты қамтыған сұрақтар қойылды. Аталған іс-шараға білім ордасының 1-курс студенттері қатысып, өзара бақ сынасты.

Білім бәсекесінің «Не? Қайда? Қашан?» және «Алтын көмбе» кезеңдерінде қатысушы студенттер өздерінің білімдерін, ізденістерін көрсетті. Сайыс қорытындысы бойынша №24-1

оқу тобы жүлделі ІІІ орынды, №24-2 оқу тобы ІІ орын иеленді. Әдеби ойын барысында үздік ойын өрнегін көрсеткен №24-5 оқу тобы І орынды жеңіп алды. Белсенді білім алушылар колледж директорының дипломымен марапатталды.

Көптеген жасқа осындай игі іс-шараларды ұдайы ұйымдастырып, кітап оқуға баулу арқылы кітаптың баға жетпес байлық, асыл мұра екенін түсіндіре, сезіндіре алдық деген ойдамын. Оқитын ұлт қалыптастырудағы даңғыл жол осындай кішкентай қадамдардан басталары сөзсіз.

**Алтынғұл САНСЫЗБАЙ,** Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің кітапханашысы





# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ: ЗАУЫТТАҒЫ ЗАУАЛ НЕМЕСЕ ТАҒДЫРДАН КҮШТІ ТАБЫС

Алматыдан танысым елге оралды. Есімі Ербол. Жүзі сынық. Өңі қуарған. Баяғы қарымы, алуын арыны басылған. Балмұздақ зауытында жұмыс істейтін. 2 жыл бұрын зауыт қондырғысына қолы қысылып қалып, оны кесуге мәжбүр болған. Сол қолына протез орнатты. «Тәттіден табыс табамын деп жүріп, ашы тағдырға тап болдым» дейді.

Иә осы тұста еңбек қауіпсіздігі мәселелері тоқталғанды жөн көрдік. Бұл салада өндірістік жарақат пен жазатайым оқиғалардың деңгейі өте жоғары. Оған себеп – жұмыс берушілердің жұмысшылардың денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелерін жақсартуға қаражат бөлгісі келмейтіндігі. Салғырттық сау адамды сал қылып, өрмідей жастарды өлімге итермелеуі мүмкін. Әсіресе жеке мекемелердің жабық есігінің артында арты дауға ұласатын небір дарақшылық орын алып жатқанын іштей білеміз. Күнкөріс нәпақасын тауып жүрген жұмысшы ләм-мим демегесін, бақылаушы орындар батырып салық салмағасын, қадағалаушы орындар қадап тұрып айтпағанның ажал күшатын, не кейін кесел қаматын киетін отандастарымыз аз болмайтыр.

– Қолымнан айырылғалы алатын көмек қаражаты сол күнгі қиналысымды ұмыттыра алмас. «Екі қолымнан аманда» деп білместікпен айтып қалатын ағалардың сөзі одан да ауыр. Ол күні екі адамның жұмысын бір өзін істеп, маған көмек беретін адам болмай қалды. Өзімнің де айыбым бар. Дегенмен көмек уақыты келіп, мекеме қолұшын бергенде қолымнан айырылмаушы едім.

Жалпы жағдайды өзгерту үшін бизнес олигархаттың не мемлекеттің қудалауы мен қысымынан қорықпай, адал жұмыс істеп, салық төлей алатындай қоғамды, бизнесті және мемлекетті тепе-теңдік күйіне қайтару қажет. Сонда ғана ірі компаниялар өздерінің байлығы мен мөлшері үшін жауап беріп, мемлекет болса, өз азаматтарына есеп береді, – дейді Ербол.

## АЙМАҒАМБЕТОВТІҢ АЙЫПТАУЫ

Жанын жалдап жұміс істеп, қаржы жолында құрбан болғандардың саны артқан соң мәселе мінберде қарала басталды. Мәселен мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов еңбек қауіпсіздігін өрескел бұзатындарға салынатын айыппұл мөлшері арттырылғанын айтты.

Депутаттың келтірген дерегі бойынша, 1 232 өндірістегі жазатайым оқиға бір жылда тіркелді. Оның 251-і адам өлімімен аяқталған.

– Сол оқиғалардың 24%-ы еңбек қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуынан болған. Бұл жай ғана сандар емес. Бұл – біреудің өмірі. Біреудің отбасы әкесіз, анасыз, ұлсыз қалды. Мұның бәрі кездейсоқ емес, бұл – қауіпсіздік ережелеріне көз жұмып қарағанның салдары. Еңбек қауіпсіздігі ережелерін өрескел бұзғандардың жартысынан көбі тек ескерту алады. Ал егер бұл бұзушылық адамның өмірін қиып кетсе ше? Сол адамның отбасы алдында кім жауап береді? Біз осыны өзгерттік, – деп жазды Асхат Аймағамбетов.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулер енгізілген. Мәжілістен енді бұл бұзушылықтар үшін ескерту емес, нақты және әділ жазалар болатынын айтады:

Еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін ескертулер мүлдем алынып тасталды. Айыппұлдар көлемі арттырылды:

алғашқы бұзушылық үшін – 20-дан 120 АЕК-ке дейін;

қайталанған бұзушылықтар үшін – 40-тан 240 АЕК-ке дейін.

– Неліктен бұл маңызды? Бұл «айыппұлмен ақша жинау» емес. Бұл – әділдік және адам өмірін қорғау. Адал жұмыс берушілерге алаңдаудың қажеті жоқ. Бұл нормалар тек қауіпсіздікті елемейтіндерге қатысты. Еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзу енді жазасыз қалмайды. Қызметкерлер қауіпсіз еңбек жағдайын алайық. Ал мұны түсінбейтіндер заң алдында жауап береді, – деді Мәжіліс депутаты.

## ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАЛУЫ КЕРЕК

Жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – жұмыс берушінің негізгі міндетінің бірі. Бүгінде қоғам ішінде отандық өнеркәсіпте, өндіріс ошақтарында, жалпы, еңбек орындарында қауіпсіздік мәселесін арттырып, күшейту қажеттілігі төңірегінде әр түрлі пікір бар. Сарапшы мамандардың айтуынша, құқықтық сауат аясында алғанда, бұл он талпыныс, бірақ қоғамдық санаға ықпал етуші негізгі фактор қайғылы оқиға екендігін де естен шығармаған жөн...



Жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы еңбек шартын жасасу барысында қандай мәселелерді ескеру керек, еңбек орындарында қызметкерді қорғаудың басты шарттары қандай? Бұл сауалға еңбек құқығы саласының маманы Бибігүл Нұррашева «Forbes» журналына кенінен мәлімет бергенеді.

Сарапшының айтуынша, бүгінде отандық кәсіпкер қауымның, яғни еңбек нарығындағы әлеуетті жұмыс берушінің құқықтық білімін арттыруға түпкілікті мән берген дұрыс. «Заңда көзделген талаптарды білмеген кәсіпкер заң нормаларын аяққа басумен қатар, адамның еңбек құқығын бұзуға жол беріп, оның өмірі мен денсаулығына қауіп тигізеді», – дейді ол.

– Еңбек кодексінің 1 бабының 23 тармағына сәйкес еңбек қауіпсіздігі дегеніміз – еңбек қызметі аясында жұмыскерге қатысты зиянды және қауіпті өндірістік факторларға жол берілмейтін, осындай факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешені мен қамтамасыз етілген жұмыскердің қорғалу жағдайының жай-күйі.

Еңбек кодексінің 23 бабына сәйкес жұмыс беруші әр қызметкерге еңбек жағдайын жасап, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Яғни, жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде, ол үшін еңбек процесі мен өндірістік орта қауіпсіз» болып, еңбекті қорғау талаптары толығымен ескерілуі тиіс.

Бұлайша айтқанда, еңбек қатынасына түскен әр адам қандай жағдайда жұмыс істейтінін және бұл жұмыс оның денсаулығына қалай әсер ететінін алдын ала білуге құқылы.

Еңбек шартын жасасқан кезде жұмыскер өз еңбек функциясын қандай еңбек жағдайында атқаратыны және бұл жұмыс оның денсаулығына, өміріне қандай зиян тигізетіні туралы толық мәлімет алып, жұмыс орнында қауіпсіздік талаптарына қатысты жүргізілген аттестация қорытындысымен толық танысуға құқылы. Ал жұмыс беруші болса – адамның өмірі мен денсаулығын басты позицияға қойып, қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға міндетті. Ауыр, қауіпті, зиянды салдары бар жұмыс атқарғаны үшін соған сәйкес жалақы төлеп, жыл сайынғы қосымша демалыс ұсынып, жұмыскерді сақтандыруға міндетті, – дейді Б.Нұррашева.

Жұмыскердің құқықтары мен міндеттері Еңбек кодексінің 22 бабында ескерілген. Еңбек қатынастарына түскен әр адам осы заңды мұқият оқып шықса, өзіне жақсы. Сол сияқты, жұмыс берушімен арадағы еңбек шартын оқып, оның мазмұнын түсіну өте маңызды. Өйткені жұмыс берушінің жұмыс барысына қатысты қандай да бір өзіндік талабы дәл осы шартта ескеріледі. Өйткені осы шарттың негізінде өзара құқықтар мен міндеттер көрсетіліп, бекітіледі. Алдағы уақытта, айталық, еңбек

дауы туындап жатса, осы шарттағы талаптардың орындалғанын емесе орындалмағанын тиісті органдар дәл осы құжатқа қарап, нақты шешім шығара алады.

Біздің елдегі Еңбек кодексі айтарлықтай жетілдірілген, ендігі мәселе сол заңның дұрыс әрі толыққанды орындалуында. Заңды қасақана немесе абайсызда бұзуға жол беріліп жатса, Қылмыстық кодексте, Әкімшілік кодексте көзделген жұмыс берушінің жауапкершілігін күшейту керек.

– Еңбек қауіпсіздігі барлық деңгейдегі бизнес өкілдері үшін өзекті де маңызды болуы тиіс. Мәселен, менің тәжірибемде шағын бизнеске қатысты мынадай оқиға болған. Шымкентте тамақтану орындарының бірінде кәсіпкер еңбек заңнамасын білмегендіктен, 18 жасқа толмаған қыз баланы материалдық жауапкершілікті көздейтін кассир қызметіне жұмысқа қабылдаған. Сол бірғана әрекет арқылы жұмыс беруші ҚР Еңбек кодексінің бірнеше рет бұзған. Біріншіден, Қазақстанда 18 жасқа толмаған жасөспірімді, жалпы, материалдық жауапкершілікті көздейтін жұмысқа қабылдауға тыйым салынған.

Екінші мәселе – кәсіпкер кәмілетке толмаған жұмыскермен арада еңбек шартын жасасамаған. Заңға сай, жұмыс беруші 16 жасқа толмаған баланы жұмысқа қабылдаған кезде оның ата-анасының біреуінен жазбаша келісім алуға міндетті. Мұндай рұқсат болмаған. Бұл оқиға отандық БАҚ-та кеңінен талқыланды. Естеріңізде болса, 15 жастағы жасөспірім қыз бала жұмыс орнында еден сүртіп жүріп, қайтыс болды...

Шағын, орта және ірі бизнес болсын әрқашан ойда ұстайтын маңызды мәселе – жұмыс беруші өз жұмыскерін еңбек қауіпсіздігі шараларымен толыққанды таныстырып, осы шарттардың орындалуын қадағалауға міндетті. Себебі еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жұмыс берушінің негізгі міндетінің бірі. Ал бұл міндетті ескермеу – адам өміріне, денсаулығына әсер ететін қауіпті салдарларға әкеп соғуы ықтимал, – дейді маман.

**ТҮЙІН.** Мезетінде шахтадағы шығралаң, мұнайдағы мұң, көмірден келген кесел, құрылыстағы қайғылар талай тағдырды жан тәсілім етті. Зауыттардың зауалы табыс тапсам деген тағдырларды жалмады. Сайып келгенде адамның қанмен тері тапқан қаржы олардың өмірін қорғай алмады. Ендігі кезек өмір мен өлімнің арасында жүрген еңбек адамдарын үкімет жерге қаратпауға сөз берді. Сонда да еңбек қауіпсіздігін сақтай жүріңіздер!

**Замира ҚОНЫСЖАН,**  
журналист

# АЛИМЕНТ — ТЕК ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК ЕМЕС, АТА-АНАНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҚ БЕЛГІСІ

Балаларға алимент төлеу – ата-ананың заңдық міндеті ғана емес, оның адамгершілік жауапкершілігінің айқын көрінісі. Бұл мәселе ажырасқан отбасылар үшін ең өзекті тақырыптардың бірі болып қала береді. Алимент – балаға деген қамқорлықтың негізі, бірақ қоғамда оған деген көзқарас әртүрлі. Кейбіреулер алимент төлеуді әдеттегі міндет ретінде қараса, енді біреулер бұл жүйеге күмәнмен қарап, оның тиімділігі мен әділеттілігін сығына алады. Ал, статистикаға келсек, 2024 жылдың басында алимент бойынша жалпы қарыз 20 миллиард теңгеге жеткен, бұл 300 мыңнан астам баланың қажетті қаржылық қолдаудан айырылғанын білдіреді.

Қоғамның бір бөлігі алиментті төлеуден жалтарғандарды қатаң жазалауды талап етеді. Олар мұны ата-ананың өз баласына немқұрайдылық танытуы және жауапкершіліктен қашуы деп біледі. Сонымен қатар, алимент төлеушілер арасында бұл міндетке сын көзбен қарайтындар бар. Көбі алименттің балаға емес, екінші тараптың жеке шығындарына жұмсалып жатқанын алға тартады. Мұндай пікірлер алимент төлеу мәдениетінің төмендігін, бұл тақырыптың тек құқықтық емес, әлеуметтік және моральдық аспектілерін де қамтитынын көрсетеді.

Алимент төлеу – ата-ананың өз баласының өміріне қатысуының бірден-бір жолы. Балалар



өздерінің өмірі мен болашағына ата-ананың үлес қосып жатқанын сезінуі керек. Дегенмен, кейбір ата-аналар алимент төлеуден жалтарып, бұл міндетті тек материалдық қысым немесе заңды жазалау деп түсінеді. Мұндай әрекеттер балаларға психологиялық тұрғыдан теріс әсерін тигізуі мүмкін. Себебі, алимент – тек қаржылық көмек емес, ата-ана тарапынан мойындалған қамқорлықтың белгісі.

Бұл мәселеде қоғамның мәдениеті мен құндылықтары үлкен рөл атқарады. Егер отбасылық құндылықтарды жоғары қою, бала құқығын қорғауды бірінші орынға шығару мәдениеті қалыптасса, алимент төлеу өздігінен ата-ананың міндеті емес, олардың ерікті жауапкершілігі ретінде қабылданар еді. Бұл жерде мемлекет пен қоғамның ролі ерекше маңызды. Ақпараттық жұмыстар жүргізу арқылы

алименттің мәні мен маңызын түсіндіру, ата-аналарға баланың құқығы мен қажеттіліктерін түсіндіріп, моральдық тұрғыдан көмек көрсету қажет.

Бұдан бөлек, алимент жүйесінің тиімділігін арттыру үшін құқықтық нормаларды жетілдіру де өзекті. Баланың алиментке толық қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында бақылау жүйесін күшейту қажет. Сонымен бірге, алиментті төлеуден жалтарғандарға заңды шаралар қолдану арқылы бұл мәселенің салмағын арттыруға болады. Алайда, тек жазалау жеткіліксіз. Ең бастысы – қоғамда жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру, ата-ананың алимент төлеу арқылы тек қаржылық емес, рухани тұрғыда да баласына қолдау білдіруі керектігін насихаттау.

Қоғамдық көзқарасты өзгерту, ата-ана жауапкершілігінің мәдениетін көтеру арқылы ғана біз балалардың құқықтарын қорғап, болашақ ұрпақтың жарқын өміріне кепіл бола аламыз. Алимент төлеу – тек заңдық міндет емес, әр ата-ананың борышы. Жауапты қоғамда бұл мәселеге жеңіл-желпі қарауға жол берілмейді. Бала ата-ананың өзіне деген қамқорлығы мен махаббатын сезініп өсуі тиіс, себебі, бұл – оның ажырамас құқығы.

**Айдос ҚАСИМОВ,**  
жеке сот орындаушысы



ҮЗДІКТЕР

# «САМҒАУ»

## ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ



Басы 1-бетте

Жалпы, Қыдыр дарып, құт қонған біздің шаһарда бұл тұрғыда көптеген жұмыс атқарылууда. Жастарға жасалған үздіксіз қолдаудың нәтижесінде «QOSYL» жастар орталығының республикада үздіктер қатарын толықтыруы басты жетістіктердің бірі деуге болады, – деді қала әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ шаһарда шығыс жастарының жалынды жетекшісі болған Ғани Мұратбаевтың бүгінгі ізбасарлары деген атқа лайықтылар шоғыры қалыптасып келе жатқаны көңіл қуантатынын жеткізді.

Дарынды жастарды қолдауға бағытталған жастар сыйлығы 10 жылдан астам уақыттан бері тұрақты түрде табысталаып келеді. Іс-шарада жастар саясатын жүзеге асыру бағыттары бойынша үздік 7 жас Қызылорда қаласы әкімінің 150 000 теңге ақшалай сыйлығы мен «Самғау» жастар сыйлығының естелік статуеткасымен марапатталды.

Жастарға серпін берген бұл жиында республикалық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы Абзал Жолтерек «Медиа және журналистика» бағыты бойынша жастар сыйлығын иеленді. Сыр өңірі ғана емес республикадағы жаңалықтардың жаршысына айналған жастар басылымының жұмысын үйлестіріп, медиа саласының дамуына үлес қосып жүрген жас қаламгер сауатты сараптама, мазмұнды мақалаларымен көптің көңілінен шығуда.

Сонымен қатар іс-шарада «Білім және ғылым» бағыты бойынша Маржан Ердібек, Айбек Оразбахов, «Мәдениет» бағыты бойынша Нұрай Рүстемова, Берік Ахмед, Данияр Сабыров, Әлішер Шүежен үздіктер қатарынан көрінді.

Биылғы ерекшелік жастар саясатын жүзеге

асыру бағыттарынан бөлек техникалық мамандық иелеріне «Самғау» табысталды.

12 тамыз – Жастар күнінде дәсібі салада жұмыс істеп келе жатқан жастар «Құрылысшылар», «Тігіншілер», «Дәнекерлеушілер», «Электриктер» мен «Аспаздар» номинациялары бойынша «Самғау» жастар сыйлығын иеленген болатын.

Жеңімпаздардың бірі С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Маржан Ердібек менің өмірлік мақсатым – қоғам дамуына үлес қосу дейді. Ол 2022-2024 жылдары халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ-та білім алған болатын.

– «Самғау» жастар сыйлығы – қаладағы белсенді жастардың жетістіктерін бағалап, олардың болашаққа деген сенімін арттыратын маңызды марапат. Бұл сыйлық жастардың қоғамдағы рөлін айқындап, олардың шығармашылық және кәсіпкерлік әлеуетін таныту тұрғысынан ерекше маңызды. Өз ісінің маманы болып қалыптасқан, жана биіктерге ұмтылған жастарды марапаттау арқылы біз тек олардың жеке жетістіктерін ғана емес, ел дамуындағы үлестерін де танимыз, – деді Маржан Кеңесқызы.

Үздіктер сараланған салтанатты жиында қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастар саясаты саласында жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар маман қала әкімінің арнайы «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Еркін формат, ерекше көңіл-күйде өткен іс-шарада қызықты номинациялар мен «Qosyl» премия» сыйлығы «Үздік ауыл әкімі», «Белсенді ауыл жастары», «Үздік қызылордалық контент», «Үздік жастар контенті» және «Хас батыр» номинациялары бойынша жыл үздіктеріне берілді.

А.НУРТАЙҚЫЗЫ

# БІР АЛАҚАН – МЫҢ МҮМКІНДІК



Заманауи технологиялар адам өмірінің түрлі саласын өзгертуді жалғастырып келеді. Қазақстандық «Алақан» стартапы осы үрдістің алдыңғы қатарында тұр. Бұл компания алақан іздерімен биометриялық верификация жүйесін әзірлеу арқылы инновация мен қауіпсіздікті үйлестірген. Ендеше жоба жайында тарқатсақ.

Қашықтықтан QR арқылы төлем жасау көзге үйреншікті, қалыпты процеске айналды. Ал бүгінде өз алақаныңызың арқасында бақылау жүйесінен емін-еркін өтіп, дүкенде төлем жасауды да жүзеге асыра аласыз. Бұл – жаңақорғандық жерлесіміз Берік Нұрымбетовтың 2020 жылы қолға алған жобасы. Сол уақыттан бері «Алақан» биометриялық шешімдерді енгізу бойынша ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Мәселен, «Алақан Pay», «Алақан Mектеп» пен «Алақан Business» секілді жүйелерді сәтті іске асырды. Жобаның 250 мың белсенді қолданушысы бар. Ал ай сайын 6 миллионнан астам сәйкестендіру жүргізіледі.

– Бұл – адамды алақандағы қан тамырларының үлгісі бойынша танып, анықтайтын жасанды интеллект негізіндегі құрылғы. Жыл өткен сайын біздің кез келген ғимаратқа, тіпті өз үйімізге кіріп-шығуымызды қамтамасыз етуші жүйелердегі бақылау талаптары күшейі береді. Бұл тұрғыда «Алақан» – ең сенімді биометриялық жоба, яғни адам өз алақанының арқасында бақылау жүйесі арқылы емін-еркін өтіп, дүкенде төлем жасауды да жүзеге асыра алады. Ең бастысы адамның алақанын қашықтан сканерлеу мүмкін емес, оны тек алақан иесі өзі ғана орындай алады, – деді жоба авторы.

Компания аясында жүзеге асқан «Алақан Mектеп»-тің арқасында бала алақанының көмегімен мектепке кіреді, тамақ сатып алады, кітапханадан кітап алады, шкафын ашады және мұның бәрін ата-аналар бақылай алады. Бүгінде «Алақан Mектеп» жүйесі бірнеше өңірдің оқу орнына енгізілген.

Компания мамандарының айтуынша, бұл жүйе адамға әрекет еркіндігін береді.

Жүйенің басты артықшылығы – қауіпсіздік. Отандық мамандар әзірлеген құрылғыда банк карталары мен қолма-қол ақшалар алақанмен алмастырылған. Төлем жасау үшін арнайы мобильді қосымшаны жүктеп, жеке кабинет арқылы банк картаныңызыды жүзеге асыра аласыз. Құрылғы сырт келбетіңізге сәйкес сыңарыңызды да, суретке түсірілген алақан бейнесін де қабылдамайтын көрінеді. Төлем кезінде сканерге алақанды жақындату ғана жеткілікті. Алдымен алақан тамырларын сканерлеу процесі жүреді. Цифрлық

кодта шифрланған тамырлар үлгісі арқылы құрылғыдан сізге тіркелген код ізделеді. Базадағы кодпен сәйкес келген сәтте төлем жүзеге асады.

«Алақан» жүйесі Шымкент қаласы әкімдігінде, «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ, сондай-ақ бірнеше мектеп пен балабақшада орнатылған. Ақмола облысындағы 91 мектепті және Ақтөбе облысындағы 68 мектепті қамтиды. Пилоттық режимде ол Батыс Қазақстан, Түркістан және Қарағанды облыстарының бір мектебінде енгізілді. Алдағы екі жылда Қарағанды облысының 150 мектебінде жүйені орнату жоспарлануда. Бүгінде жүйеде 124 мыңнан астам оқушы және 10 мыңға жуық мектеп қызметкерлері тіркелген. Оң нәтижелерді ескере отырып, жобаны стратегиялық маңызды объектілерге кеңейту мүмкіндігі қарастырылууда.

Бұл технологияның мақсаты – балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлердің кіріп-шығуын тіркеу, сондай-ақ бюджет шығынын арттыратын жалған жазбаларды анықтау. Осы орайда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, мемлекеттік органдар мен «Алақан Technologies» стартапымен бірлесіп, мемлекеттік мекемелерде «Алақан» бойынша биометриялық верификация жүйесінің пилоттық жобасын енгізуде. Бұл жоба мектептер мен балабақшалардағы балалардың қауіпсіздігін арттыруға, мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлердің кіру-шығуын бақылауға және бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалудың болдырмауға бағытталған.

Қуантатын жайт, «Алақан» Қазақстан нарығында ғана емес, өзге елдерде де өз әлеуетін дәлелдеуде. Грузия мен Арменияда таныстырылған стартап жоба өткен айда Шанхайдағы VII Қытай халықаралық импорт көрмесінде көптің көңілінен шықты.

«Алақан» – адамның өмір сапасын жақсартуға бағытталған инновациялық жобаның жарқын үлгісі. Жоба білім беру, мемлекеттік қызметтер мен стратегиялық нысандардағы қауіпсіздікті арттыруға көмектесіп, Қазақстанның әлемдік деңгейдегі технологиялық ойыншы ретінде қалыптасуына ықпал етуде.

Әлия ТӘЖІБАЙ

## АНТАРКТИДАНЫ АЛҒАШ БАҒЫНДЫРҒАН

# ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

«Көз қорқақ, қол батыр» деп бекер айтпаса керек. Әнел Сытдықова есімді қазақ қызы осы нақылды тағы бір мәрте дәлелдеген секілді. Қараша айында өткен Антарктиданы жүзіп өту марафонына қатысқан кейіпкеріміздің сапары сәтті аяқталып, тарихта есімі қалды. Рекордшы қазақ қызы туралы толығырақ мақаламызда баяндамақпыз.

Әнел Сытдықова – 2019 жылы триатлон бойынша Англиядан Францияға дейін Ла-Манш арнасын жүзіп өткен Қазақстандағы алғашқы және жалғыз әйел. 15 сағат, 15 минутта 38 шақырым қашықтықты игерген ол жекеге дейін тоқтамай келген және арнайы гидрокостюмді қолданбаған. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та «темір ханымның» ерік-жігеріне тәнті болып, шеберлігіне танданысын жасырмаған еді.

Батыр қыз араға уақыт салып, 2022 жылы Манхэттеннің айналасындағы 48 шақырымды құрайтын 20 көпірді жүзіп өткен. Дәл сол жылы 18 сағат, 19 минутта 34 шақырымды құрайтын Лос-Анджелестегі Санта-Каталина аралдарынан материкке дейін жетті.

Әлемдегі ең беделді марафон қашықтықтарының бірі – Каталина бұғазын жүзіп өту. Бұл белесті де артта қалдырған қазақ қызы «Triple Crown of Open Water» титулын иеленді, ал ТМД-да мұндай жетістікке қазақ қызынан басқа әлі ешкім жетпеген.


Биыл жер жүзінің ең суық материгі Антарктидала кезекті марафон өтті. Кейіпкеріміз 18 минут, 58 секунд ішінде 750 метр қашықтықты артта қалдырып, тағы да бір мәрте тарихи сәттің себепкері атанды. Марафонға қатысушылар қатарында «Ice seven» титулының иегері Кейт Стилс және «Oceans Seven»

ді бағындырған Линтон Мортенсен секілді танымал жүзу спортының шеберлері болған.

Халықаралық мұзды суда жүзу қауымдастығының (IISA) ұйымдастырушысы және негізін қалаушы Рам Баркай басқарған топтың құрамында Оңтүстік Африка Республикасы, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Венгрия, Малайзия, Австралия және Қазақстаннан келген 13 жүзші мен 1 дөрігер болған.

Кейіпкеріміз су бетіндегі саяхаты қорқынышты сәттерге толы болғанын жеткізді. Бүйірлік ағындармен бірге мұздар да қозғалып, Әнел мұзтауға бетпе-бет соғылған екен. Соның кесірінен жарақат алса да, қайсарлығы басым қазақ қызы бұл кедергіден де өткен. Кейіпкеріміздің сөзінше, Антарктида суларын жүзіп өту оның арманы болған. Бұл саяхатқа 2 жыл бұрын тіркелсе де, тек биыл жүзеге асырудың сәті түскен.

– Антарктидала сіз жоспарлаған қашықтық пен жылдамдық маңызды емес. Антарктида қанша мүмкіндік берсе, сонша жүзесіз. Соған қарамастан, біз сәтті жүзіп өттік. Бұл менің арманым еді. Ол жердің ауа райы суық болғаны рас. Су температурасы



-1,4 градус, ал желдің жылдамдығы сағатына 35 шақырымды құрады. Дегенмен әйсебгертер мен пингвиндердің арасында түркілік әсер қалдырды. Антарктидаға келудің өзі керемет, ал онда жүзу кез келген жүзүшінің арманы болар. Мен үшін бұл марафон керемет тәжірибе мен ұмытылмас сезімдерге толы болды, – дейді ол.

Әнел Сытдықованың жеке өміріне тоқтала кетсек. Ол – Батыс Қазақстан облысының тумасы. Бүгінде отбасымен Ұлыбританияның Оксфорд қаласында тұрады. Үш ұлдың анасы. Жұмыс бабымен елден қоныс аударса да, Отанға деген махаббаты ыстық кейіпкеріміз туған жеріне жиі келіп тұратынын айтады.

Әнел жүзу білмесе де, 2012 жылы триатлонға қызығып, үйірмесіне жазылған екен. Үздіксіз жаттығулардың арқасында көптеген жетістікке

жеткен. Ол – триатлон бойынша Қазақстанның алғашқы «Темір әйел» (Железная леди), алғашқы әйел «Ironman» және «Ultraman» жарыстарының жеңімпазы. Сондай-ақ Ла-Манш бұғазын алғашқылардың бірі болып жүзіп өткен қазақ қызы.

«Темір ханымның» бұл жетістігі күллі қазақ халқының болмысын аша білгендей. Себебі бойындағы батырлығы мен жетістікке деген ұмтылысы «алынбайтын қамалдың жоқтығын» дәлелдеді. Расымен, кез келген адам мұндай батыл қадам жасауға жүрегі дуалай бермегенмен, Әнел Сытдықова үшін кезекті белестің бірі болды. Кейіпкеріміздің бұл жігерлі әрекеті әрбірімізге үлгі болары сөзсіз.

Қорлан САРЫ